



Мемлекет Президенті мен Елбасының бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бүкіл халықты бірлікке, бірлесіп күресуге шақырған бұл үндеуін біз де үйде отырып қолдаймыз.

2,3-бетте



Еріктілер - қиын сәтте белсендіруге дайын энтузиастар командасынан анағұрлым өзгеше. Бұл жерде қарттар мен аз қамтылған адамдарға арналған Қайырымды қызмет көрсету бюросы да бар.

9-бетте



Қазақ халқының мақтанышы, ұстазы Абай бізге өзі жетпесе де, ел-жұртымен бірге аңызға айналып, айтқан әрбір сөзі артынан еріп жетті.

11-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



№ 3-4 (203-204)
24.04.2020

Бірліктен асқан бақыт жоқ

Кез-келген мемлекеттің, қоғамның басты байлығы – адам. Халықтың денсаулығы мемлекет болашағының негізі десек, оның жақсы, қалыпты жағдайда болуы өмір сүру салтына тікелей байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Сондықтан да бұл маңызды мәселеге Елбасы үнемі айрықша көңіл бөліп келеді. Жаһандық деңгейде адамзат үшін індет болып танылған коронавирус дертіне қатысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы жарияланды. Жаһандану кезеңінде әлемдік саясатта, халықаралық қатынастар жүйесінде өзіндік орын алып отырған қазақ елінің жетістіктері, бейбітсүйгіш саясаты, табыстары Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен тығыз байланысты. Кемел тұлға ретіндегі Елбасымыздың дарындылығының нәтижесінде, посткеңестік кезеңдегі қиын-қыстау кезеңде қазақ елін жарқын болашаққа бастай білді. Құнды тәжірибелерді халық даналығымен ұштастырып келе жатқан Президентіміз қазіргі ғаламдану кезеңінің қауіп-қатерлеріне тосқауыл қойып, өз халқының және әлем мемлекеттерінің болашақта «бейбіт өмір сүріп, жаңа серпіндер, жетістіктерге жете беруін» қандай жағдайда жүзеге асыруға болады деген маңызды мәселелерді көтеріп келеді. Қазіргі таңда халық денсаулығына, халықтың өміріне қауіп төніп тұрған кезде де бағдаршамдық өз ұстанымдарын жариялап отыр. Бұл – тұжырымдамалық мазмұндағы және рухани жауапкершілікті жүктейтін жаңа өмірлік ұстанымдарды айқындайтын мақала.

Біріншіден, мақалада «Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтану шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады» деп нықталады.

Шындығында, Қазақстан Республикасы халқы денсаулығының жай-күйі, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және денсаулық сақтау жүйесінің дамуы соңғы онжылдықта оң үрдістермен сипатталды. Соңғы жылдары негізгі медициналық көрсеткіштерді — тууды, өлім-жітімді, өмір сүрудің орташа ұзақтығын тұрақтандыруға қол жеткізілді. Жұқпалы аурулармен ауру төмендеді.

«Салауатты өмір салты» бағдарламасы аясында Салауатты өмір салтын қалыптастырудың кешенді, үзіліссіз және орнықты жүйесін құру бойынша іс-шаралар кешені 3 кезеңде жүргізілді. Осы бағдарлама аясында, шекараны санитариялық қорғау жүйесі қалыптасты, мемлекеттік шекарада ел аумағын аса қауіпті инфекциялық аурулардың әкелінуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ететін санитариялық-карантиндік пункттер желісі кеңейтілді. Жалпы дәрігерлік практика қағидаты бойынша жұмыс істейтін медициналық-санитариялық алғашқы көмек қызметін реформалау жүргізілді, қанайналым жүйесі ауруларын ерте анықтау мәніне балаларды, ересектерді профилактикалық қарап-тексеру, ұрпақты болу жүйесінің онкопатологиясын ерте анықтау үшін әйелдерге скринингтік зерттеу жүргізілді. Осы шаралар негізінде елімізде халық денсаулығын сақтау бойынша маңызды шаралардың жүргізіліп отырғандығын және оның жалғасын табатындығын айқындаймыз.

Екіншіден, Елбасы мақалада «Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай атамыздың «Кімге достығың болса, достық достық шақырады» деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрін тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді» деп айшықтайды.



Қазіргі таңдағы жағдай кезінде Қытай Халық Республикасынан дәрігерлердің жіберілуі, дәрі-дәрмекпен көмектесуі де осының айғағы іспеттес.

Дүниежүзілік тәжірибеде, аз ғана уақытта халықаралық қауымдастыққа танылған мемлекеттер басшылары ішінен, халықаралық бейбітшілікті нығайту жолында бастамалар көтеріп, әлемдік деңгейде танылып отырған көшбасшылар саны мүлдем аз. Бейбітсүйгіш, дамыған елдің көшбасшысы ретінде біздің Елбасымыз осы қырларымен халықаралық беделге ие болып келеді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті қазақ тарихында биік тұғырлардан орын алып, елдің елдігі және ұрпақ болашағы үшін бар күш-жігерімен халқына қызмет атқарып, халқының ұйытқысы болған асқақ рухтағы тұлға.

Үшіншіден, мақалада «Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезді ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азғырынды, арзан әңгімелерге еруден сақ болуға шақырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал» деп берілген. Аталмыш бағыт өте маңызды, себебі халық денсаулығына, өміріне қауіп төнген кездегі ең өткір ішкі саяси мәселелердің қатарына саяси тұрақтылықты сақтау кіреді. Қазіргі терең құрылымдық-функционалдық өзгерістер кезеңінде қоғамдық қатынастардың дамуын, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тұрақтылықты сақтау міндеті қойылады. Сондықтан, Қазақстан Республикасы үшін сыртқы арандатушылық топтардың ықпалына, олар құрған торға түспей, «Революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен» дамуды жалғастырып, қиыншылықтардың барлығын жалпы халық болып жеңе білуіміз ортақ ұлттық мүддеміз болып табылады.

Елбасы бастаған сара жолдан айнымай, саяси жаңғыртуды жалғастыру саясатын өзекті, өткір мәселе деп санаймын. Дер кезінде іргелі қайта құрылымдарды жүргізе алмаған ел жаһандық жаңа қауіп-қатерлерге қарсы тұра алмайды және мұндай тұрғыдағы мемлекет өз дәуірінің кеңістіктік-уақыттық контентінен тыс қалып, тарихи дамудың жаһандық процестерінен қалып қою қаупі төнетіндігі баршаға мәлім.

Қазақстан халқы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті дара тұлғамызды мақтан тұта отыра, бейбітшілікті, халықаралық қауіпсіздікті сақтауға, өңірлік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған саясатына, бастамаларына толық қолдау көрсетіп отырды. Елбасының әлемдік саясаттағы бұл сара жолы жүрегі еліміз деп соққан әрбір қазақстандықты патриоттыққа, мақтаныш сезіміне жетелейді деп ойлаймын. Коронавирус індеті қауіп төніп тұрған жағдайда да халқына дем беріп, тығырықтан шығар жолдарды ұсынуы да жаһандық сын-қатерлер талабынан туындаған батыл қадамдар. Осы тұрғыда, еліміздегі жастар бойында Қазақстан елінің бірлігіне, территориялық тұтастығына қауіп төндіретін шовинизм, ксенофобия, трайбализм, діни төзімсіздік сияқты жалған идеялардың таралуын тоқтатуға үлес қосу – біздің ұрпақтың басты мақсаты.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ ұжымы да осындай қиын-қыстау шақта біз Елбасымен біргеміз, халықпен біргеміз, індетті жеңу үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз деп мәлімдейміз. Жастарға патриоттық-рухани тәрбие беруді басты мақсат қойған университет ұжымы «түрлі түсті революцияларға қарсы» жастардың бойында иммунитетті дамытып, елін, жерін, мемлекетін сүюге баулуды ең басты мақсаты санайды.

Өз кезегінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті де карантин кезінде негізгі мақсатын жүзеге асыруда. «ИСВУЗ» ақпараттық жүйесі, «Zoom» стримингтік сервисі, «Прометей» жүйесі ақпараттық ресурстары арқылы, ГУГЛ КЛАСС РУМ, КУРСЭРА онлайн платформалары, тағы басқа оқытудың қашықтан білім беру технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, оқытуды қамтамасыз етуде. Оқу процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына, сабақ кестесіне және графигіне сәйкес жүзеге асырылуда.

Елдеріне қайтпай білімін жалғастырып жатқан шетелдік студенттерге жатақханада қашықтықтан білім алуға мүмкіндіктер жасап, интернет және вайфай жүйесімен қамтамасыз етілді.

Оқумен қатар тәрбие жұмысы да қашықтықтан ұйымдастырылып, #онлайнсабақОҚМУ, #занятиеонлайнОҚМУ, #Abai175 челленджерін Қазақстан жастарына жариялауда. Оқытушылар мен студенттерден құралған еріктілер тобы әлеуметтік мұқтаж топтағы балалар және қарттар үйлеріне арнап медициналық бетперделер тігіп берді.

Оқытушы профессор құрамы мен қызметкерлер жалақыларынан қол үзбей карантинде онлайн жұмыс кестесіне көшірілді.

Елбасының індетті ауыздықтаудағы арманы мен мақсаты еліміз еңілес екені даусыз. Осындай сын сағаты кезінде үрейден аулақ болып, сенімді жоғалтпайық. «Тату үйге тәкірет жуымайды» дегендей, көпұлтты Отанымызда бұл мәселені тек бірлік арқылы еңсереріміз даусыз. Майқы би айтқандай, «Береке түбі - бірлік, Бірлік түбі - тірлік, Жеңіс түбі - ерлік!» Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ!

Д.П.ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры

Халыққа күш-қуат берді

Тұтқиылдан келген жаман індет бүкіл адамзат атаулыға үлкен қауіп төндіріп отыр. Мемлекетіміз қауіпті дерттің алдын алудың тиісті сақтандыру шараларын жасап, жағдайды оңалту үшін көп жұмыстар істеуде.

Әлемді әбгерге салған пандемия адам денсаулығына қауіп төндірумен қатар, бүкіл елдерде экономикалық дағдарыс туғызды. Кәсіпорындардың жұмысы тоқтап, мұнай бағасы төмендеді. Осы жағдайлардан хабардар қазақ халқы да алаңдаулы күй кешіп жатқаны жасырын емес.

Осы кезеңде Елбасы Н.Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы халықтың алабұртқан көңіліне демеу болып, күш-қуат берді.

Елбасы Қазақстан халқына жолдаған бұл мақаласында тәуелсіздік алған күннен бастап жүріп өткен жолдар мен жасалған игі шараларды тілге тиек етіп, осы жолда талай қиыншылықтарды бастан өткергенімізді атап өткен. Кол жеткізген қандай жетістіктеріміз болса да, ол, әрине, «Бірлік болса – тірлік болады» деп Төле би бабамыз айтқандай, ауызбірліктің арқасында келген. Елбасы қазіргі өтпелі кезеңдегі игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне бүкіл халық болып қолдау көрсетуге шақырады.

Ата заңымыздың бірінші бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі» деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде ұлт денсаулығына айрықша көңіл бөлінген. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайтындығы үндеуде айтылған. Бұл халықтың көңіліне үлкен демеу болып отыр деп ойлаймын.

«Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді», - деп Елбасы атап көрсеткендей, біз, М.Әуезов атындағы ОКМУ профессор-оқытушылар құрамы, 16 наурыздан бастап оқу-тәрбие үдерісін қашықтан жұмыс істеу режимінде жүргізудеміз.

Төтенше жағдай кезеңінде Ұстаздар қауымына жүктеліп отырған міндеттерді жауапкершілікпен қабылдап, Қазақстан ЖОО-лары өзара тәжірибе алмаса отырып, болашақ мамандарды даярлау ісін сапалы ұйымдастыру бағытында жұмыстар жасауда.

Нұрлыбай МАДИЯРОВ,
«Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы»
жоғары мектебінің деканы,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Мақсат – халық бақыты

Осынау қиын-қыстау сәттерде халқымен жаны бірге екендігін көрсеткен Елбасы Н.Назарбаевтың бұл үндеуі пандемияға қарсы күресте көпұлтты мемлекетіміздің бірлігін, тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталғандығы сөзсіз. Адамзат баласының бойына үрей ұялатқан бұл кезеңнің қиындығы, шындығында, сол халықтың бірлігінің арқасында жеңіл өтеді деген сенімдеміз. Елбасының Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевты қолдап, шептің алдыңғы қатарында екендігін көріп отырмыз. Президент басқаруындағы үкіметіміздің дер кезінде жасаған карантиндік шаралары өз жемісін көрсетіп отыр. Коронавирус ауруын жұқтырған әлем азаматтарының саны бір миллионнан асып жығылып жатқан сәтте, Қазақстан карантиндік шаралары арқылы аурудың алдын алуға ұмтылыс жасады. Халқымыздың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген даналығын жүзеге асыруда. Әрине, мемлекетіміздің кәсіпкерлерге, уақытша жұмысынан айрылғандарға, қоғамымыздың әлсіз топтарына әлеуметтік көмек беруі - кезек күттірмейтін мәселе. Осыдан бірнеше жыл бұрын (2009 жыл) бүкіл әлемді қиын жағдайға ұшыратқан әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде де Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастауымен «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» деп аталған бағдарламасы халқымызды аман-есен, еш қиындықсыз дағдарыстан алып шыққанын ел ұмытқан жоқ.

Әрине, кез келген қоғамның мақсаты - өз халқын бақытты ету. Кез келген мемлекет үшін ең жоғары құндылық - адам, оның қауіпсіздігі, қанағаттанарлық жақсы өмірі. Мемлекет Президент мен Елбасының бірігіп, бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, бүкіл халықты бірлікке, бірлесіп күресуге шақырған бұл үндеуін біз де үйде отырып қолдаймыз.

А.Б.ШАЛДАРБЕКОВА,
«Заң» факультеті «Философия және мәдениеттану»
кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Әлемді жайлаған індеттің алдын алу шаралары біздің елімізде дер кезінде қолға алынса да, 13 наурыз күні алғашқы науқас тіркеліп, өкінішке орай, бүгінгі күні індет жұқтырғандар саны 3000-ға жақындады.

Қазақстанда коронавирус жұқтыру деректері тіркелмей тұрып-ақ шекараларда бақылау күшейтіліп, шет елден келгендер қатаң тексеріліп, қауіпті елдер санатына жататын мемлекеттерден келген азаматтар бірден карантинге жатқызылып, бақылауға алынды.

Алғашқы науқас тіркелген кезден бастап, елде бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынып, мектеп оқушылары уақытынан бұрын демалысқа жіберіліп, 16 наурыздан университеттер мен колледж студенттері, ал 6 сәуірден бастап мектеп оқушылары да қашықтықтан оқу жүйесіне көшті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығына сәйкес, ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылды, сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметі тоқтатылса, ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, сондай-ақ той-томалақтарды өткізуге, ел азаматтарына шетелге шығуға, шетелдіктердің елге кіруіне тыйым салынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға жолдаған үндеуінде: «Біз ел-жұртты дүрліктерін, арандататын әрекеттерге тыйым саламыз. Жалған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет ресурстар тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек. Біз осы жалаңдық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет. Татулық пен тұтастықтың арқасында кез келген қиындықтан шығуға болады. Сондықтан бәріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет. Береке мен бірлік бәрін де жеңеді», - деп, дүрлікпей, арандамай, індетке қарсы жұдырықтай жұмыла әрекет етуге шақырып, төтенше жағдай мен карантин кезіндегі халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты мемлекет тарапынан берілетін көмектің жүйелі кешенін жария етті. Сол бойынша іс-шаралар атқарылуда.

Осы орайда, халықтың денсаулығы үшін аянбай еңбек етіп жатқан дәрігерлерге, полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілерге ризашылығымызды білдіруіміз керек.

Осындай жағдайда тұңғыш Президент - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласын жариялап, Қазақстанның қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кіріскендігіне, тиісті сақтандыру шараларының жасалғандығына, дәрігерлеріміздің ерлік еңбектеріне тоқталды. «Бүгінгі күрес даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін еске салады және соны бекем ұстануды талап етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл пандемияны көршіміз Қытай елі ұйымшылдығы мен темірдей берік тәртібінің арқасында ауыздықтай алды», - деп, тәртіпке бағынып, береке-бірлігімізбен ғана індетті жеңетінімізге назар аударды.

Сонымен қатар Елбасы: «Еліміздің ең үлкен байлығы адам мен оның өмірі болғандықтан, әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жанашырлықпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені, ұлт денсаулығы - мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі», - дей келе, сөзін жастарды еңбекке, білім алуға шақырды. Аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдерін жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуға үндеді.

Әр уақытта өзін қолдаған халқына мың ризашылығын білдіріп, мемлекеттің бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасайтындығы және тиісті шараның барлығы атқарылатындығына тоқталды. Еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайтындығын айта келе, қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмай, кастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік ел» етуге шақырды.

Біз де, өз кезегінде, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев пен Елбасы Н.Назарбаевтың үндеуін қолдай отырып, бір мақсат, бір мүдденің төңірігіне топтасып, індетке қарсы жұмыла әрекет етейік! Салғырттыққа жол бермейік! Өйткені, салғырттық өз денсаулығымызға ғана емес, ұлт саулығына да қатер төндіретінін ұмытпайық!

С.Ө.КАРИБАЕВ,
Тарих және педагогика факультеті,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент

Қазақстан қоғамының бірігуіне ықпал етеді!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Үндеу жолдады. Ол әрбір қазақстандыққа арналған. Елбасы өзінің үндеуінде ағымдағы жағдайды өте дәл және жан-жақты бағалап, елдің даму перспективаларын айқындады. Елбасы қазақстандықтарды төзімділікке шақырды. Елбасы өз Үндеуінде Қазақстанның алғашқылардың бірі болып пандемиямен күреске қосылғанын атап өтті. Алдын алу іс-шаралар жүйесі жүргізіліп, тиісті мемлекеттік органдар арнайы дайындықтардан өтіп, коронавирус жағдайы тәулік бойы бақылауға алынғанын жеткізді. Бүгінгі біздің ортақ міндетіміз - бейбітшілік пен келісімді нығайту, отандық экономиканы және дағдарыстан кейінгі кезеңде Қазақстанның үдемелі қозғалысын тұрақтандыру үшін барлық күш-жігерімізді салу. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан дамуының барлық негізгі кезеңдері біздің есімізде. Бұл - Ұлттық қор, дамыған экономика, инфрақұрылым және әлеуметтік реформалар. Қазір жауапкершілікті көрсету, ел игілігі үшін, әсіресе, мұқтаж адамдарға қолдау көрсету үшін өзінің барлық әлеуетін пайдалану маңызды. Тұңғыш Президенттің мақаласы - Елбасының өз халқымен әрдайым бірге болуының дәлелі: табысты сәттерде де, ең қиын кезеңдерде де бірліктің белгісі. Біз Елбасы күш-жігерінің арқасында мемлекетімізде қажетті беріктілік қоры құрылғанының куәсіміз. Н.Назарбаев жастарды осы қиын уақытта барлық күш - жігері мен қабілеттерін салуға, ал аға ұрпаққа өздерінің бай өмірлік тәжірибесін бере отырып, оларға көмектесуге шақырды.

Елбасы айтқандай, халқымыздың тұрақтылығына, оның ерік-жігері мен даналығына сенімдіміз! Қазақстандықтардың қазіргі қиын жағдайды жеңіп шығатындығына ешқандай күмәніміз жоқ!

Біз, Елбасы Н.А.Назарбаевтың Үндеуін қолдаймыз! Бұл Үндеу бүкіл қазақстандық қоғамның бірігуіне ықпал етеді деп білеміз!

А.Е.ЕСИМОВА,
«Заң» факультеті «Философия және мәдениеттану»
кафедрасының аға оқытушысы

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы

Ерлік пен елдік сын сағатта танылған. Бүгінгі таңда бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемия жөнінде бөлісе келе Елбасы елді сабырлыққа, бірлікке шақырды. Елбасымыз айтқан халқымыздың табандылығына, ерік-жігері мен даналығына деген сенімділік қазіргі қиын жағдайға төтеп беретініне күмән тудырмайды.

Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған ел құл болмайды» деген қанатты сөзін мысалға келтіріп, ел Президенті енгізген сақтық шараларына бағынып, елімізді, тума-туысымызды аман сақтап қалу өз қолымызда екенін ескертті.

Сонымен қатар әлемді жайлаған дағдарыстан халқымызды аман-есен алып шығуға мемлекетіміздің мүмкіншілігі мол екенін, азық-түлік тапшылығы болмайтынын баса айтты.

Әсіресе, осындай сын сағатта халықтың бос дақыртқа, арандатушылық жел сөзге сенбеулерін, оның орнына бір-бірлеріне бауырмалдық танытуға баса назар аударды.

Төле би бабамыздың «Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ» деген нақыл сөзін тілге тиек ете отырып, бұл қиындықтан да бірлік пен келісімнің арқасында аман өтетінімізді, басты мақсат ұлтаралық келісім мен ішкі ұлттық бірлікті сақтау екенін баса айтты. Шындығында, бүгінгідей аяқ астынан туындап, әлем жұртын әбгерге салған індет кезінде береке мен бірлік, татулық пен достық ауадай қажет. Елбасы, әсіресе, Тәуелсіздікпен бірге дүние есігін ашқан жастардың елімізді қорғап, оны нығайта түсетініне, өздерінің бар білімі мен күш-қуатын туған халқын қауіп-қатерден аман алып қалуға жұмсайтындығына зор сенім білдіретінін жеткізді.

Біз бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, белгіленген тәртіпке бағынып, мол жауапкершілік танытсақ, бұл кезеңнен де тайсалмай өтетінімізге сенімдіміз мол.

Гүлбану ЕСІРКЕП,
«Философия және мәдениеттану» кафедрасы

Отклики на статью Н.А. Назарбаева - «Когда мы едины – мы непобедимы»

Вышла статья Елбасы о происходящих событиях в стране и мире, в связи с внезапно разразившейся пандемией коронавируса. В непростой период Первый Президент Казахстана адресовал слова поддержки нашему народу и рассказал о тех ресурсах, которые есть у страны, вступившей в борьбу с вирусом.

Главное, что важно осознавать в сложившейся ситуации - мы должны общими усилиями сохранить согласие и спокойствие в обществе. Даже название статьи Елбасы «Когда мы едины - мы непобедимы» говорит нам о том, как важно сплотившись преодолеть эти трудности, не должно быть чужой беды. По мере своих возможностей мы должны помочь своей стране. Сейчас мы вдохновляемся работой наших волонтеров, которые ежедневно оказывают помощь сотням людей, оказавшимся в трудной ситуации.

В единстве наша сила. Наша страна в разные годы проходила нелегкие испытания, уверен, что и в борьбе с вирусом человек одержит победу. Государство принимает все необходимые меры для того, чтобы преодолеть имеющиеся трудности. Ни один человек, ни один гражданин нашей страны не останется без поддержки. «Мы вместе» - этот вывод из статьи-обращения Елбасы к народу Казахстана «Когда мы едины – мы непобедимы» должен стать той мыслью, которая укрепит наш дух и поможет достойно пройти новое испытание.

Г.С. КЕНЖИБАЕВА,
и.о. декан ВШ «Текстильная и пищевая инженерия»
С.М. КОНЫСБЕКОВ,
зам. декан ВШ «Текстильная и пищевая инженерия»

С глубоким уважением относясь к Н.А. Назарбаеву, хочется выразить благодарность ему за слова поддержки всего народа Казахстана в сложившейся ситуации. Нам, действительно, нужна выдержка и самообладание. Никакой паники! Благодаря четко выверенной политике за все эти годы государство способно найти рычаги управления и предпринять все возможные меры для стабилизации обстановки, нам же гражданам нужно лишь помочь самим себе в общем деле быть здоровыми. Опыт санитарно-эпидемиологического надзора советского периода остаётся показательным, поэтому это очень ценно, когда можно из прошлого брать лучший опыт организации заботы о здоровье своих граждан.

Е.В. МИЦКАЯ, д.ю.н.,
профессор кафедры «Уголовное право и криминология»

«Когда мы едины - мы непобедимы». Эти слова из названия статьи Елбасы Н. Назарбаева сегодня становятся практически планом действий и поведения, в очередной раз напоминают нам, что, только сплотившись, можно достичь намеченной цели. Как отметил, в своём обращении Лидер Нации – «Сейчас, когда весь мир сфокусирован на одной проблеме - победить коронавирус, все государства объединяют свои усилия. Но без сомнений, этот случай беспрецедентный. Кроме того, ни разу население планеты не сталкивалось с карантинном подобными масштабов. И в этой непростой ситуации, важно отнестись ко всему с мужеством и хладнокровием. При этом не забывать, единство нации - залог благополучия».

Н. Назарбаев еще раз доказал, что он всегда поддерживает свой многострадальный народ в трудное время. Он указал путь и напомнил, что мы в 90-е пережили немало трудностей и постепенно выстроили свою государственность, на обломках развала Советского союза. Сейчас у нас достаточно финансов и возможностей, благодаря тому, что заблаговременно был создан стабилизационный фонд. Кроме того, правительство предпринимает все меры безопасности. Сейчас, от нас требуется только объединиться и относиться друг к другу с пониманием и уважением, а также проявить терпение и выдержку. Кратко, но емко лидер нации говорит и о различных системных реформах. Одна из них дала мощный импульс развитию сельского хозяйства. Казахстан обеспечен мясом, молоком, продовольствием. Вошел в шестерку, лидирующих в мире по экспорту зерновых. Резервы есть. И они, безусловно, помогут преодолеть новый экономический кризис.

С.А. СУЛТАНОВ, профессор кафедры

08 апреля 2020 года Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаев опубликовал статью, в которой отражены ключевые проблемы, с которыми столкнулся Казахстан и его народ в связи с распространением коронавирусной инфекции COVID-19 и введением карантина и чрезвычайной ситуации в стране.

Данная статья направлена на то, чтобы помочь обществу сохранить ясность ума и понимать какова нынешняя ситуация, и что государство предпринимало ранее и предпринимает сейчас для сохранения стабильности в обществе в столь непростое время, когда информация, имеющаяся у граждан столь разносторонняя, граждане легко поддаются панике, особенно находясь под психологическим давлением, связанным с нахождением в карантине.

В статье есть ряд призывов. Так например, Елбасы призывает казахстанцев к выдержке и хладнокровию, а также к повсеместной поддержке «для стабилизации положения». Он также говорит о том, что такую поддержку мы получаем и от зарубежных государств, что является результатом поддержания дружественных отношений с этими государствами на протяжении всего существования Казахстана в качестве независимого государства. Действительно эта поддержка сегодня ощутима, так гуманитарную помощь Казахстан получил со стороны КНР, США, Южной Кореи, Японии, Турции, Израиля и ожидается помощь от Российской Федерации.

Еще один призыв – заняться самообразованием и просвещением, вместо того, чтобы слушать и читать провокации, и тем более заниматься их распространением – очень актуален, он позволит адаптироваться гражданам к новым условиям, и ориентироваться на свое критическое мышление, нежели чем на готовые шаблоны, предлагаемые для раскачивания стабильности государства.

Немаловажен для граждан и затронутый Н. Назарбаевым аспект влияния на Казахстан мирового экономического кризиса и шага, предпринятые ранее и предпринимаемые сейчас нашим государством для борьбы с его неблагоприятными последствиями, это и противодействие «нефтяному проклятию» в виде диверсификации экономики и технологической модернизации и в наличии национальных фондов, что должно было бы успокоить граждан об их недалеком будущем после окончания карантина.

Первый Президент в своей статье подчеркнул, что гражданам Казахстана нет причин паниковать, они могут рассчитывать на то, что Казахстан готов к вызовам, связанным с инфекцией, один из показателей такой готовности – это результаты разработанной государством программы «Саламатты Қазақстан», и еще один показатель - это наличие в открытом доступе информации о всех случаях заражения в стране.

Данная статья говорит нам о том, что Назарбаев Н.А. хочет донести до народа Казахстана, что мир меняется и человечество должно усвоить очень важный урок и изменить формат межгосударственных отношений, настроиться на взаимовыручку и взаимопонимание, а для этого необходимо сближение государства и простых граждан, которые должны следовать рекомендациям государства, а не раскачивать лодку, которая пытается построить свой курс во время шторма, охватившего все мировое пространство.

Э.С. ТАУКЕБАЕВА, Ph.D., доцент кафедры
«Философия и культурология»

На крыльях мудрости к преодолению трудностей

В следующем году исполняется 30 лет со дня обретения нашей страной независимости, которая открыла новую страницу в истории нашей поистине общей великой Родины - Республики Казахстан, расположенной на просторах Великой Степи.

По сути дела статья Елбасы представляет собой стратегию и тактику преодоления нынешних трудностей на основе сравнительного критического анализа объективных и субъективных факторов развития Казахстана в экономике, социальной сфере, экологии, здравоохранения, чтобы использовать опыт прошлого применительно к современным реалиям.

Как известно, в центре внимания Елбасы всегда стоял человек, его жизнь, здоровье, права и свободы, которые прописаны в Конституции Республики Казахстан, принятой 30 августа 1995 года на республиканском референдуме.

Исходя из этого основополагающего тезиса, Елбасы проецирует, распространяет опыт преодоления трудностей начала 90-х годов на современные реалии, подводит к идее единства народа Казахстана перед лицом суровых испытаний, к каковым относятся, во-первых, пандемия коронавируса, охватившая почти весь мир, и, во-вторых, неизбежная экономическая, социальная рецессии после усмирения коварного врага, который представляет собой смертельную угрозу для всего человечества.

Поэтому Н.А. Назарбаев обращается к различным социальным слоям крепить единство и согласие народа Казахстана, развивать систему казахстанского здравоохранения, благодаря функционированию которой число зараженных коронавирусом в стране не превышает тысячи человек, число умерших составляет 7 человек.

Имея в виду факты паникерства, дезинформации, факты нарушения карантинного режима, Елбасы дает им отпор и противопоставляет им веру человека в себя, которая представляет большую силу, приводит крылатые выраженья и мудрые пословицы, призывает оказывать всяческую помощь старшему поколению и заботиться о младших.

В заключение статьи Н.А. Назарбаев пишет: «Мы вместе. Не сгибаясь перед трудностями, бережем наше единство и согласие. Только тогда мы сможем сохранить независимость и быть достойными нашей великой цели «Мәңгілік ел». На такой оптимистической ноте завершается статья Первого Президента Елбасы Н.А. Назарбаева «Когда мы едины – мы непобедимы» и это действительно так!

Т.А. СУЛЕЙМЕНОВ,
доцент кафедры
«Философия и культурология»

Обращение Елбасы - способствует консолидации казахстанского общества!

Первый Президент Казахстана, Нурсултан Абишевич Назарбаев направил обращение народу Казахстана, которое было адресовано каждому казахстанцу. В своем обращении Елбасы очень точно и всесторонне оценивает текущее положение и определяет перспективы развития страны. Нурсултан Назарбаев призвал казахстанцев к выдержке и хладнокровию. В своем обращении Первый Президент отметил, что наша республика одной из первых включилась в борьбу с пандемией. Проведена система предупредительных мероприятий. Соответствующие государственные органы прошли специальную подготовку, а ситуация с коронавирусом взята под круглосуточный контроль. И наша общая задача сегодня – приложить все свои усилия для укрепления мира и согласия, стабилизации отечественной экономики и поступательного движения Казахстана в посткризисный период. Статья Первого Президента – это очередное свидетельство того, что Елбасы всегда со своим народом: и в моменты успеха, и в самые трудные времена. Мы выражаем уверенность, что сегодня преимущество нашей страны в том, что благодаря усилиям Елбасы наше государство за эти

годы создало необходимый запас прочности. Мы помним все основные этапы развития Казахстана с первых дней Независимости до сегодняшнего дня! Это и Национальный фонд, и развитая экономика, и инфраструктура, и социальные реформы. Сейчас важно проявить ответственность, использовать весь свой потенциал на благо страны, на поддержку тех, кто особенно в ней нуждается. Особо хочется отметить, что Елбасы призвал нашу молодежь, приложить все свои силы и способности в это непростое время, а старшему поколению - помочь им в этом, передав свой богатый жизненный опыт.

Та уверенность в стойкости нашего народа, его твердой воле и мудрости, которую выразил Елбасы, не оставляет никаких сомнений, что казахстанцы справятся и с нынешней непростой ситуацией.

Мы, поддерживаем обращение Елбасы Н.А. Назарбаева! Считаю, что оно способствует консолидации всего казахстанского общества!

А.Е. ЕСИМОВА,
ст. преподаватель кафедры
«Философия и культурология»

Этнокультурные традиции в современном дизайне казахской одежды

В современном искусстве живет цветовая палитра традиционного народного творчества. Эти традиции складывались веками и шлифовались многими поколениями людей. Кровная связь народного искусства с жизнью, трудом, бытом народа обусловила историческую преемственность цветовой гаммы народной культуры.

Для современных дизайнеров обращение к традициям создания национального костюма становится источником вдохновения при моделировании современной модной одежды. Национальный костюм, развивавшийся на протяжении полутора тысяч лет, отличается богатством и разнообразием этнических форм, обнаруживает глубинные связи с историей народа.

Жизнеспособность и важность национального декоративно-прикладного искусства, как самобытного к уникального явления, характеризующего многие исторические и бытовые процессы, дают основание для утверждения актуальности статьи.

Глобализационные тенденции в современном обществе породили, с одной стороны, стремление к самовыражению за счет поиска художественных образов, раскрывающих

духовные традиции нации, с другой стороны - предопределили процесс синтеза и взаимообогащения культур различных этносов с целью успешной интеграции в мировое пространство. Синтез традиционного и современного должен способствовать развитию чувства самоценности нации, укреплению ее духовного единства. Это имеет непосредственное отношение к вопросу соответствия базовым концепциям современного мирового дизайна, к вопросу выражения мировоззренческих установок посредством формирования художественного образа, имеющего традиционные духовно-эстетические основания. Несмотря на широкий интерес к проблеме взаимовлияния искусств, данное исследование является попыткой рассмотреть современные тенденции развития дизайна на основе сущностных свойств декоративно-

прикладного искусства и выявить факторы способствующие процессу взаимопроникновения декоративно-прикладного искусства, архитектуры, дизайна и изобразительного искусства.

Границы исследования определяются постановкой вопроса и очерчиваются хронологическими рамками, начиная с самых ранних образцов и до настоящего времени. Географические рамки исследования ограничиваются территорией Казахстана.

Традиционный национальный костюм является отражением национального своеобразия и вековых традиций казахского народа. Основные типы национального костюма выполняли функцию социального и этнического маркера, что определяло особенности различных типов одежды.

Моделирование современной одежды с использованием элементов традиционного костюма вносит вклад в разработку новых принципов и приемов художественной выразительности одежды. При создании модной одежды с использованием элементов национального костюма отмечается многообразие художественных решений.

Дизайнеры современного казахского костюма вносят вклад в разработку уникальных моделей, сочетающих в себе современные тенденции и элементы национального костюма, что позволяет перейти от массового производства к серийному выпуску моделей для определенных социальных групп потенциальных потребителей.

Теоретическая новизна работы заключается в том, что впервые в казахском искусствознании предметом специального научного исследования стали основные направления



в моделировании современной одежды на основе элементов национального казахского костюма.

В исследовании впервые предпринято системное рассмотрение влияния традиционного казахского костюма на формирование современной казахской моды, проанализировано творчество наиболее известных казахских дизайнеров и прослеживается, как в создаваемых ими моделях одежды используются элементы традиционного национального костюма.

Обобщая сказанное можно отметить, что созидание нового в процессе использования традиций национального декоративно-прикладного искусства становится творчеством культурных ценностей, позволяющих сохранить самобытный облик казахской культуры, и поднять значимость дизайна, как синтезирующего элемента во взаимосвязи современной моды, декоративно-прикладного и изобразительного искусства.

**И.С. КИМ, и.о. зав. кафедрой
«Технология и конструирование
изделий легкой промышленности»
Г.С. КЕНЖИБАЕВА,
и.о. декан Высшей школы
«Текстильной и пищевой инженерии»
С.М. КОНЫСБЕКОВ,
зам. декан Высшей школы
«Текстильной и пищевой инженерии»**



Әл-Фарабидің мұралары

Әбу Насыр әл-Фараби - философ, ғалым-энциклопедист, шығыс аристотелизмінің неоплатонизммен байланысқан басты өкілдерінің бірі. Лақап аты - екінші мұғалім (Аристотельден кейін). Негізгі шығармалары: «Даналық Геммалары», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат», ғылымның жіктелуі туралы трактат, «Музыка туралы үлкен кітап». Әл-Фараби 870 жылы Фараб ауданында, Васидж қалашығында, Арыс өзенінің Сырдарияға құятын тұсында дүниеге келген. Ол түріктердің басым топтарынан шыққан. Толық аты - Әбу Насыр Мухаммад Ибн Тархан Ибн Узлаг әл-Фараби ат-Түркі.

Әл-Фараби әлемді тануға ұмтыла отырып, туған жерінен шалғайда ұзақ жылдарын өткізеді. Бір мәлімет бойынша, жастық шақта, екіншісінде қырық жаста Әл-Фараби Бағдад, Харран, Каир, Дамаск, Алеппо және Араб халифатының басқа да қалаларында болды. Әл-Фараби ғылыммен әуестенгенге дейін судья болғаны туралы куәлік бар.

Сондай-ақ оның білімге қалай не болғаны туралы да айтылады. Бір күні жақын адамдардың бірі Әл-Фарабиге кітаптарды сақтауға береді, олардың арасында Аристотель трактаттары көп болды. Әл-Фараби бұл кітаптарды басып шығарып, олармен әуестенеді. Әл-Фараби Бағдадқа келгенге дейін түркі және басқа тілдерді білген, бірақ араб тілін білмеген, өмірінің соңында жеті жүзден астам тілді меңгерген. Бағдадта тұрып, Әл-Фараби әр түрлі ғылымдармен, ең алдымен логикамен айналыса бастады. Осы уақытта Бағдадтағы ең танымал ойшыл Абу-Бишр Матта бен-Йунис болды. Оның шәкірттерінің қатары Әл-Фарабиді

толықтырды, ол Абу-Бишр Маттың айтуы бойынша, Аристотельдің еңбектеріне логика бойынша түсініктеме жазды. Әл-Фараби Аристотель мұрасын зерттеу арқылы білімін тереңдетті, ол ежелгі грек қойған міндеттер мен мәселелердің жиынтығын және идеяларды осы еңбектердің арқасында оңай қабылдайды. Әл-Фарабидің жан-жақты ғылыми ізденістерінің нәтижесі «Ғылым классификациясы туралы трактат» болып табылады, онда сол уақыттың ғылымы қатаң түрде тізбектеліп, әр адамның зерттеу пәні анықталды. Бағдадтағы әл-Фараби өз білімін толықтырып, көрнекті ғалымдармен байланысқа түседі және олардың арасында ең беделді болады. Ақыр соңында Әл-Фараби Бағдадтан кетуге мәжбүр болады.

Ол Дамаск арқылы Мысырға барады. «Азаматтық саясат» кітабын ол Бағдад қаласында бастағанын айтады, ал Каир қаласында аяқтайды. Әл-Фараби саяхаттан кейін Дамаскіге оралып, онда өз күнінің соңына дейін жалғыз өмір сүреді. Ол өз



шығармаларын жеке парақтарға жазды. Сондықтан ол жасаған барлық дерлік еңбектер жеке тараулар мен жазбалар түрінде сақталған, олардың кейбіреулері тек фрагменттер, көпшілігі аяқталмаған.

Ол 80 жасында қайтыс болып, кіші қақпаның жанында Дамаск қабырғасына жерленді (950 жылы). Қорыта келгенде, Әл-Фарабидің философиялық қызметі көп қырлы, философиялық жалпы жұмыстарының саны 80 және 130 сандарының арасында. Әл-Фараби әлемнің құрылымын жүйелі түрде түсінуге ұмтылды, оның басы өте дәстүрлі көрінеді. Орта-болмыстың иерархиясы. Адам - әлем мен оған әрекет ететін жеке тұлға, соңғы мақсаты - шынайы бақытқа жету. Әл-Фараби танымда адамның орнын түсінуге үлкен мән берді. Сезімдік таным мәнін түсіну үшін жеткіліксіз. Ақыл арқылы ғана мұны адам түсінуі мүмкін. Әбу Насыр Мухаммад ибн Мухаммед әл-Фараби ортағасырлық ұлы ойшылдардың бірі болып табылады. Ол көп қырлы ғалым-энциклопедист және шығыс

рационализмінің негізін қалаушылардың бірі болды.

Әл-Фараби есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихына мықтап енді, оның еңбектері еуропалық қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер ете отырып, батыс пен шығыстың мәдениеттері мен философияларын жақындастыратын байланыстырушы көпір болды.

Біздің топ қазақ тілі пәнінен осы тақырыпта баяндама жазып, пікірталас ұйымдастырды. Әр студент өз ойын ортаға салып, бұл сабақ қызықты өтті. Студенттерге мұндай сабақтар ұнайды. Осы оқу жылында біздің топтың жасаған бір жұмысы ретінде ойымызда жақсы әсер қалдырды.

**М.ҚАМЫСБАЕВ,
«Жас талант» үйірмесінің мүшесі,
ЭФ-19-7р1 тобының студенті,
РАРЫНБАЕВА,
жетекшісі, «Мемлекеттік тілді оқыту»
кафедрасының аға оқытушысы, магистр**

«Психология» - бәсекеге қабілетті мамандық

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының тереңінен өз орнын алды. Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі деп білді. Өзін-өзі дамытуға талпынған, бәсекеге қабілетті тұлға ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінді.

Қай мемлекеттің болмасын, даму жолы, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей апарар жол сол ел білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас мамандарға жүктелетін абыройлы да жауапты міндет болып отыр.

Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай маман қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында көрсететін - білім.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаушы оқу ордамыз М. Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы психология» кафедрасы бакалавриат 6В03130- және магистратура 7М03130 «Психология» мамандығына 4к модуль бағдарламасына сай креативті, коммуникабельді, сыни ойлау және командамен жұмыс жасай алу қабілеті жоғары жастарды білім алуға шақырады.

Қазіргі таңда «Психология» мамандығы әлемдегі ең танымал мамандықтардың үздік бестігіне кіреді. Психология түрлі салаларда қарқынды орын алуға. Олар: білім, бизнес, медицина, басқару, жарнама, т.б. Психолог бүгінгі күні адам өмірінің барлық саласына қатысты өндірістер мен кәсіпорындарда қызмет етеді. Яғни, балалар бақшасынан бастап, аса ірі коммерциялық ұйымдарға дейін жұмыс істей алады. Оқу орнын бітіріп, диплом алған соң, түлектер практик-психолог, ғылыми қызметкер, фирмалар мен банктерде психолог-кеңесші, мемлекеттік

басқару органдарында кеңесші - психолог, заң мекемелерінде психолог-сарапшы, әскери мекемелерде тәрбиеші-психолог, имиджмейкер және әртүрлі әлеуметтік саладағы психолог қызметін атқара алады.

Психология - бүгінгі ғасырдың мамандығы. Бүгінде кез келген мекеме психологты қажет етеді.

Психология ғылымы әлеуметтік ортаның барлық салаларында кеңінен қамтылған. Яғни, жас талапкер «Психология» мамандығын игеру барысында білім беру жүйесінде психологиялық технологияларды қолдану, тұлғаның эмоционалды-еріктік сферасын дамыту және қалыптастыру бағытында психологиялық тренингтер өткізу, конференциялар ұйымдастыруы ұдайы басшылыққа алып отырады.

Кафедрада қазіргі уақытта 16 оқытушы жұмыс жасайды. Оның ішінде 2 профессор, 1 PhD докторы, 4 ғылым кандидаты, 9 аға оқытушы бар.

Ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелерін студенттер мен магистранттар төмендегі ұйымдарда өткізе алады: «Интеграция» психологиялық орталығы, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ және Шымкент қаласындағы «Практикалық психология» орталығы.

Кафедраның ПОҚ оқыту процесін арнайы жабдықталған кабинеттерде көрнекіліктерді қолдана отырып жүргізеді.

Ф.А.САХИЕВА, PhD докторы, кафедра меңгерушісі, Қ.Е.АУЕЛОВА, аға оқытушы

Из ЮКГУ в Польшу

В осеннем семестре текущего 2019-2020 учебного года по программе академической мобильности я учился в Польше в небольшом городке Люблин, университет Politechnika Lubelska. Для меня это стало огромным опытом в жизни, я повысил не только уровень своего английского, но и увидел и узнал много полезного для себя, а также подружился со многими студентами из разных стран. А также у меня был шанс путешествовать по Европе, и я воспользовался им, побывал в Германии, Бельгии, Венгрии и Чехии. Теперь я без всяких тревог могу полететь куда угодно - в Португалию, Италию, Бельгию, Бразилию, Испанию, Германию, Египет, Турцию, так как в этих странах у меня есть друзья которые всегда будут рады встретить меня.

Путешествовать по миру будучи студентом вуза - это отличная возможность для студентов, это просто классно - море эмоций и много интересных приключений. Теперь я с уверенностью могу сказать, что у меня действительно открылись очи, расширился кругозор, так как я переступил ту черту которую раньше считал невозможной. Полученные от этой поездки эмоции невозможно описать. И всё это благодаря отделу академической мобильности ЮКГУ имени М.Ауэзова, где я учусь. Спасибо вам за такую возможность!

Еще хочу сказать отдельное «Спасибо» заведующему нашей кафедры «Механика и машиностроение» Мырзалиеву Дархану Сапарбасвичу за то, что он всегда поддерживает начинания студентов и делает все для того, чтобы мы - студенты получили хорошие знания обучаясь по специальности.

Также хочу выразить особую благодарность своему куратору Казтугановой Гульсаре Алдабергеновне, так как именно она постоянно объясняла нам всю полезность программы академической мобильности студентов и настоятельно агитировала изучать английский язык для повышения своих знаний и умений по изучаемой специальности. Жалею, только о том, что поздно прислушался к ней, и раньше не стал готовиться. Но у меня еще все впереди. В этом году я заканчиваю вуз, и в дальнейшем планирую также обучаться в магистратуре зарубежом.

Абдирахим НУРСУЛТАН
Студент группы ММГ-16-2к2



Жерде жетім жыласа, көкте періште күңіренеді

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың математика кафедрасының оқытушылары мен магистранттары және белсенді студенттері Түркістан облысы Төле би ауданына қарасты №2 балалар үйінде қайырымдылық іс-шарасын өткізіп, «Бір үйдің баласындай» атты концерттік бағдарламаны бүлдіршіндер назарына ұсынды.

Бұл балалар үйінде тәрбиеленушілер кім жылы сөйлер екен деп әркімге жәуап беріп, тастап кеткен ата-аналарын күтумен әуре. Осындай жағдайды байқаған студенттеріміз барынша балалардың көңілдерін көтеріп, сыйлықтар табыстап қайтты. Өмірдің осындай аяусыз тұстарын көргенде, мейірімділік пен қайырымдылықты пенделердің бойларына сіңіре гөр деп еріксіз дұға етесін. Сондай-ақ, бүлдіршіндермен әр түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Бұдан өзге балаларға материалдық көмек беру де назардан тыс қалмады. Балаларға өз тараптарынан көптеген киімдер мен сыйлықтар үлестірді. Математика кафедрасының аға оқытушысы Алтынбеков Шадиар балаларға өз ақылын айтып, оларды жігерлендіріп, университетімізде көп жеңілдіктер қарастырылғандығы туралы егжей-тегжейлі

болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямайық, ағайын!

Ш.Е.АЛТЫНБЕКОВ,
П.Д.САБЫРХАНОВА,
Математика кафедрасының оқытушысы,
М.НУРАБАЙ, магистрант



Қазақ халқы ежелден жомарттығымен танылған. Ұлтымыздың ұлы ұрпағы да ата дәстүрді жалғастырып, жетім балаларды қорғап, қолдаса дейміз. Қазақтың «Жетімнің көз жасы удан да ашы» деген сөздеріне қарамастан, жетім мәселесі жылдан-жылға күрделеніп келеді. Осы мәселенің алдын алу үшін, қатыгездікке жол бермеу, жастардың бойына ізгілік ұялату, қамқорлық жасау, бауырмалдыққа тәрбиелеу, сонымен қатар, тағдыр тәлкегіне ұшырап, жетім атанып, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға қоғамның назарын аударту, балалардың көңілдеріне қуат сыйлау, қамқорлық жасау, қолдау көрсету, олардың болашаққа сеніммен қарауына, еліміздің отансүйгіш ұл-қыздары етіп өсіру мақсатында ОҚМУ-дың қайырымды жандары балалар үйіне барды.



Мұнай-химия өнеркәсібінің дамуы

Соңғы жылдары қазақстандық мұнай-химия өнеркәсібінің қарастырылып отырған перспективада жұмыс істеуі екі даму бағытын қарастырады:

1. Республикадағы химиялық және мұнай-химия өнеркәсібінің шаруашылық субъектілерінің өндірістік қызметін бастау және қалпына келтіру, сондай-ақ ұқсас өнімдердің импорт көлемін азайтатын өнімдерді шығарумен отандық зерттеушілердің әзірлемелеріне негізделген инновациялық қызметті құру және дамыту болып табылады.
2. Отандық және шетелдік ғылымның соңғы жетістіктерін, алдыңғы қатарлы технологияларды және сыртқы және ішкі нарықтардағы сұранысқа ие өнім өндіру технологияларын қолданып, қазіргі заманғы жаңа өндірістерді құру, қолданыстағы ұйымдарды түбегейлі қайта құру және техникалық қайта жаратқандыру.

Соңғы жылдары қазақстандық мұнай-химия өнеркәсібі шетелдік инвестициялардың көлемін ұлғайтты. Ескірген кәсіпорындарды заманауи зауыттарға айналдыру үдерісі Қазақстан үшін ұзақ, қиын, бірақ қызықты және өте пайдалы. Қазақстанда бұрын-соңды болмағандай, бұл елде жұмыс істейтін барлық үш мұнай өңдеу зауыты бір мезгілде жаңғыртылды. Модернизациялау дегеніміз - ескірген жабдықты жаңаға ауыстыру ғана емес. Шындығында, қолданыстағы өндірісті тоқтатпай, қолданыстағы МӨЗ аумақтарында жаңа зауыттар құрылуда. Жаңартудың мақсаттарына келер болсақ, онда жылына 3,8 млн тонна мотор отыны шығаруға, мұнай-химия өнімдерін өндіруге жылына 133 мың тоннаға дейін бензол, параксиллолды жылына 496 мың тоннаға дейін шығару мүмкіндігі пайда болады. Бұл Қазақстанға Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына ғана емес, еліміздің ірі қалалары үшін өте маңызды болатын зиянды және ластаушы заттар шығарындыларын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Одан басқа, жаңғыртудан кейін кәсіпорын әлемдік мұнай өнімдерінің нарығында бәсекеге қабілетті болады, олар Қазақстан Біртұтас экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымының толық мүшесі болғаннан кейін есікті ашты.

Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» (ҰИМТ) арнайы экономикалық аймағы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 Жарлығымен құрылды. Арнайы экономикалық аймақты құрудың мақсаты - құны жоғары көмірсутек шикізатын тереңдете өңдеу және кенінен бәсекеге қабілетті мұнай-химия өнімін шығару жөніндегі әлемдік деңгейдегі мұнай-химия өндірістерін құру мен дамыту жөнінде серпінді инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру. Құрылған арнайы экономикалық аймақ аумағы - 3475 га.

Арнайы экономикалық аймақтың қазірде бар қатысушылары: «Полимер Продакшн» ЖШС, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС, KLPE ЖШС. Қатысушыларға жеке-жеке тоқталып өтсек.

«Полимер Продакшн» ЖШС 2012 жылы құрылған және Қазақстан мен Орта Азия бойынша полимерлі ыдыстар (қаптар), полипропиленді биаксиальды-бағытталған пленкалар және полиэтилен пленкаларын өндіретін ірі кәсіпорындардың бірі болып саналады. Бүгінгі таңда кәсіпорын импорттан алып келінетін полипропилен және полиэтилен гранулаларын пайдалануда. Бірақ алдағы уақытта шикізатқа деген сұранысты кәсіпорын жергілікті өндіріс есебінен қамтамасыз ететін болады.

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС - Атырау облысындағы Біріккен газ-химиялық кешен құрылысы жобасының операторы. Бұл - мемлекет пен «Самұрық-Қазына» Қоры жетекшілігінде қомақты инвестиция тартылған ірі және маңызды жоба. 2018 жылдың шілде айында маңызды жоба «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» Акционерлік қоғамына сенімді басқару негізінде берілді, бұл өз кезегінде құрылыс жұмыстарына жаңа серпін берді. Жобаның құрылысын жүзеге асырушы жаңа менеджмент Атырау, Павлодар және Шымкент қалаларындағы мұнай өңдеу зауыттарын модернизациялау тәжірибесін пайдалануда. 2021 жылға қарай полимерлеу өндіру саласындағы әлем бойынша көшбасшылардың бірі саналатын «Lummus Technology» лицензиясы бойынша жобаланған басты технологиялық қондырғыларды: пропанды дегидрлеу (PDH), пропиленді полимерлеу (PP), сонымен қатар 32 ірі инфрақұрылым нысандары құрылысын аяқтау жоспарланған.



Газ-турбиналық станция құрылысы алаңының көрінісі
«Karabatan Utility Solutions» ЖШС

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС арнайы экономикалық аймақ қатысушылары үшін инфрақұрылым нысандары құрылысын салуда. Мұнда қуаты 310 МВт құрайтын газ-турбиналық станция құрылысы аяқталуда. Құрылыс кезеңінде 864 адам жұмыс жасады. Сонымен қатар серіктестік арнайы экономикалық аймақ қатысушыларын техникалық су, минералсыздандырылған су, табиғи газ және тұрмыстық сумен қамтамасыз ететін болады. Алдағы жылы суды дайындау және тазалау кешенінің құрылысын бастау жоспарланған.

Сонымен қатар АЭА «ҰИМТ» аумағында тағы бір ірі әрі маңызды жоба - полиэтилен өндіру кәсіпорнын салу жоспарлануда. Жоба аясында «Самұрық-Қазына» қоры және халықаралық «Vogelis» компаниясы арасында келісім шарт түзілді. Жобаның жалпы құны - 6,5 млрд \$. Жобаның жылдық қуаты - 1,2 млн тонна полиэтилен. Кешен үшін шикізат «ТенгизШеврОйл» ЖШС-дан жеткізілетін болады.

Сарапшылар пікірінше, мұнай-химияны дамыту, тұтас алғанда, еліміздің экономикасы үшін оң серпін береді. Мұнай-химия саласында 1 АҚШ долларына өндірілген өнім одан арғы өңдеуші салада кемінде 2-3 АҚШ долларына өседі, себебі халық тұтынатын тауарлардың 96% шамасы мұнай-химияның қатысуымен өндіріледі. Полипропилен және полиэтилен - пластик өндірісі үшін базалық шикізат. Пластик тамақ, машина жасау, медицина өнеркәсіптерінде қолданылады, буу материалдары, құбырлар, ортехника және жиһаздар өндірісінің негізі болып табылады.

Қазіргі таңда іске асырылған ірі жобалардың бірі - Атырауда бензол, толу-

ол, ксилол өндірісі. Атырау мұнай-химия кешенінде пропилен және этилен өндіру бойынша құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс 2009 жылы басталған және Қазақстан тарапынан 2013 жылы мемлекеттік компания консорциумы акциялары бірдей қатысады, еншілес «ҚазМұнайГаз» ұйымы аяқталады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, осы жобаға қатысу құқығын LyondellBasell полимерлер атты Еуропалық өндіруші сатып алды. International Petroleum Investment Company араб компаниясы осы жобаға қызығушылық танытты. Келіссөздер жүріп жатыр. Атыраудағы кешенді орналастыру өнеркәсіптік және құрылыс саласында кеңінен қолданылатын Қазақстанда негізгі мұнай-химия өнімдерін өндіруді қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Сонымен бірге Ақтау газ кешенінде олефиндер және метанол өндірісін инвесторлардың көмегімен іске асыру көзделуде.

ҚР пластикалық және резиналық бұйымдар шығару көлемі, 2019 жылғы мәлімет бойын-

ындау. Сол білікті мамандар дайындауда М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Мұнайөңдеу және мұнай-химия» кафедрасының үлесі бар екендігін айта кету қажет. Қазіргі уақытта «Мұнайөңдеу және мұнай-химия» кафедрасы - жетекші кафедралардың бірі. Құрылған уақыт ішінде кафедра оқу процесі және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша университетте алдыңғы орындарды иемденіп келді. Кафедрада оқу процесі сапасын арттыру мамандарды көп деңгейлі дайындау жүйесімен, атап айтқанда, бакалавриат, магистратура, докторантура, сонымен қатар оқытушы-профессорлық құрамның жоғары дәрежесі мен біліктілігінің, білім беру және ғылыми жұмыстардың жоғары деңгейде ақпараттық қамтамасыз етілуі, оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында жұмыс берушілерді белсенді түрде тарту, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласуы есебінен жүзеге асырылуда.

«Мұнайөңдеу және мұнай-химия» кафедрасы - Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша бакалаврлар, магистрлер, сондай-ақ PhD докторларын және мұнай-химия саласы бойынша магистрлер дайындап келеді. Сонымен қатар, қысқартылған және жеделдетілген оқу мерзімдерінде оқыту бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Білім беру бағдарламаларының жоғары сапасы халықаралық аккредитациялау жолымен нақтыланған, атап айтатын болсақ, 5B072100 - ОЗХТ (бакалавриат), 6M072100 - ОЗХТ (магистратура) бойынша ASIIN германиялық аккредитациялау агенттігі арқылы, 6D072100 - ОЗХТ және 6M073900 - Мұнай-химия бағыттары білім беру сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігімен (НАОКО) аккредитациялаудан сәтті өтті.

«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» және «Мұнай-химия» білім беру бағдарламалары ЖОО білім беру рейтингтерін анықтауда тәуелсіз мекемелердің мәліметі бойынша (НАОКО және НААР) тұрақты түрде жетекші орындарға ие болып келеді.

Еңбек нарығының сұраныстары, жұмыс берушілердің ұсыныстары және университеттің даму векторына сәйкес кафедра сыртқы өндірістік және білім беру серіктестерімен өзара қатынасты дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде, кәсіби бағыттау жұмыстарының жаңа жүйелері жүзеге асырылуда.

Жоғары білікті мамандар дайындаудың негізгі міндетті элементі аймақтағы жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындардан тәжірибеден өту болып саналады. Білім берудің барлық кезеңіндегі іс-тәжірибені ұйымдастыру инженерлік кадрларды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарға сай студенттердің кәсіби біліктіліктерге не болуының үздіксіздігі және тізбектілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-тәжірибе оқу пәніне тең мәртебеге ие және студенттерді оқытудың білім беру траекториясының құраушысы болып табылады.

ҚР көлемінде жүргізіліп жатқан мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы модернизациялау және жоғарыда аталған өндіріс орындарының ашылуына байланысты, кафедра ұжымы аталған салаларға кәсіптік стандарттар дайындауда өз үлесін қосып, мамандар дайындауда ат салысуы қажет. Сонымен қатар бұл салаларға жоғары дәрежелі, білікті де білімді индустриалды-инновациялық дамуға сәйкес мамандар дайындау үшін оқу бағдарламаларының кәсіптік стандарттарын дайындау көзделуде.

О.К. БЕЙСЕНБАЕВ,
«Мұнайөңдеу және мұнай-химия»
кафедрасының профессоры,
техника ғылымдарының докторы



Туған өлке – туып-өскен, кіндік қанымыз тамған мекен. Адамзат өмірінде киелі де қасиетті орын алады. Туған жер... Туған ел... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеніңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінетін шығар. Ал мен үшін туған жердің қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Туған елге, туған жерге, туған тілге деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен үшін бұнымен шектеліп қалмас. Отан туралы ой толғасаң, жан толғанысын айтып тауыса алмассың, сірә. Оның күні де, түні де, тау-тасы да, сарқыраған өзені мен жайқалған көк майсасы, еркелей ескен желі, шұрқыраған жан-жануары, шырылдаған құстары – бәрі де жаныңа ерекше ыстық, ерекше жақын. Қайда жүрсен де өзіне тартып тұратын, есіңе түссе көңіл қобызынды беу-беулетіп, жүрек отын жағатын, дүние есігін ашқан жерінді сүймеу, алыстасаң сағынбау мүмкін емес. Себебі, туған жер – Сахарада да туған жер. Жерінде жеміс-жидек бітік өсіп, көк желегі жайқалмаса да, қу шөптің басы қылтмайтын туған топырағың бәрібір де қасиетті, бәрібір де өзге жер, өзге мекенмен салыстыруға да келмейді.

Менің туған жерім – қасиетті, құтты қоныс. Ол мені құшағында мәпелеп өсіріп қана қойған жоқ, дала тәлімін, тәрбиесін берді. Оның төсінде үйренгенім мен түйгенім көп. Ондағы жасыл түгі басылмай керіліп жатқан кермиық кең дала мені сабырлық пен салмақтылыққа, кеңпейілділікке тәрбиеледі. Ал жаныңа тыныштық сыйлап, анда-санда әрлі-берлі сипай өтіп, қытығына тиетін барары мен келер жері беймәлім ерке

жел еркіндікке үйретсе, сыңғыр күлкісі еріксіз елітетін бұрымды өзен-ару бір байыппен сылдырай ағып, сабырлық пен байыптылыққа баулыды.

Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жанталаса қорғап, батырлықпен азат еткен бейбіт те тату мекенімізді өміріміздің соңына дейін қорғап өту біздің осы елдің азаматы ретіндегі борышымыз деп білемін. Әрбір адамның табан тірер туған жері болады. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік адамды алға жетелеп отырады. Дана халқымыз «Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деп бекер айтпаған ғой. Қасық қандары қалғанша соғысып, елім, жерім, қазағым деп өз жандарын құрбан еткен қазақ батырларының, қазақ ұландарының ерлігін қанша айтсақ та көптік етпейтіні айдан анық.

Қазіргі тәуелсіздігіміз еліміздің асыл ұлдары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің жемісі деп білемін. Батырларымыздың ерлігі нәтижесінде халқымыз еңсесін түзеп, жарқын болашаққа қол созғаны белгілі.

«Отан оттан да ыстық» деген мағыналы мақалдан алғаш ойға оралатыны ыстық мекеніміз - туған өлкеміз ғой, шіркін! Туған жеріңнен алыстап кеткенде, оның топырағын, сайраған құсын, мөлдір таза суын сағынбайтын жан кемде-кем. Расында, сонау ел басына күн туған зар заманда ата-бабаларымыз туған жердің топырағын бір иіскеу үшін айшылық жерден ат арытып келген. Әйгілі Бейбарыс бабамыз шетте жүріп,

туған елін сағынған шағында әрдайым туған елден алдырған жусанды иіскеп, туған жерге деген сағынышын басқан екен. Сондықтан, әрбір азамат қайда жүрсе де, жүрегіннің түбінде туған жерге деген құрметін сақтау керек. Тәуелсіздік жылдарында елге оралған қандастарымыздың ата жұртқа, туған жерге ту тігуі - елге, жерге деген зор махаббаттың белгісі. Біз алыстан ата жұртын аңсап келген ағайындарға зор құрметпен қарауымыз керек.

Біз тәуелсіз Отанымыз, Қазақстан деген елде бақытты өмір сүріп жатқан еліміз. Алланың нұрына бөленген бақытты халықтардың біріміз. Әлемде тәуелсіздікке қол жеткізу үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан халықтар бар. Солардың көпшілігі үшін азаттық таңы қол жетпес үлкен арманға айналып отыр. Әрбір Қазақстан азаматы елдің игілігіне, бірлігіне қызмет етіп, тәуелсіз елдің азаматы екендігін мақтан тұтуы керек.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» дегендей, туған елімді, туған жерімді, Отанымды ешқандай елге, жерге айырбастамас едім.

Тарихымызға көз салсақ, осындай ұлан ғайыр кең дала ата-бабаларымыздың асқан ерлігімен, қанымен жеткен. Отан тарихындағы Абылай хан, Хан батыр, Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Райымбек, Шыңқожа, Боранбай сынды тағы басқа елге қорған болған алып тұлғаларымыздың есімін

Туған жер – тұғырың

жас ұрпақ ортасына кеңінен насихаттау керек. Қазір Аллаға сан мыңдаған шүкіршілік, тәуелсіз мемлекетте өмір сүрудеміз. Үлкен баққа иеміз. «Елу жылда ел жаңа» демекші, бұрынғы өткен заманның қателіктерінен сабақ ала отырып, жаңа заманға аяқ бастық. Кең байтақ Қазақстанның кешегісі мен бүгінгісі, тыныс-тіршілігі адам танымастай өзгерді. Қазақ халқының алғашқы Елбасы, тоқырау заманында аяқтан тік тұрғызып, қазақ халқын қазіргі деңгейге дейін жеткізген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа айтар алғысымыз шексіз. Жаңа заманның, яғни тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы Елбасы ретінде біздің жадымызда мәңгі қалатыны хақ.

Тәуелсіздік – ашы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік», - деп Абылай хан бабамыз айта кеткендей, ендігі халықтың болашағы, туған елдің қауіпсіздігі, ата-бабамыздың аманаты, кіндік қанымыз тамған мекеніміз сіз бен біздің қолымызда дегенді білдіреді.

Қорытындылай айтар болсақ, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюіне жан терінді сығып еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!» - демекші, туған жеріміздің көркеюіне ат салысайық. Біз еркін және өркендеген елде өмір сүріп келеміз. Қазір Қазақстанда ынтымағы жарасқан 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олар бір-бірімен татулықта, достықта ғұмыр кешуде. Сол достығымызды жоғалтпай, бір шаңырақ астында көк туымызды желбіретіп, асқақ шыңдарға бірге көтерілуіміз керек. Сонда ғана біз тұғыры биік, намысын бермес, елімізді асқақ шыңдарға көтере аламыз деп сенемін. Сүйікті Отанымыз – Қазақстан мемлекетін жарқын болашаққа бастап, әрдайым береке-бірліктің ордасы болуын нәсіп етсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

А.Т.ҚУАНЫШ,
ФИ-19-11к тобының студенті,
Л.К.ТУРАБАЕВА,
ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент

Ұлт тарихы

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы еліміздің мыңдаған жылдарды қамтитын төл тарихымыздағы ұлы жетістіктерді сипаттайтын үлкен мақала болып табылады. Бұл мақалада Елбасы дүние жүзіндегі алып мемлекеттердің даму тарихымен салыстыра отырып, еліміздің түп-тамырын, ұлттық тарихымызды білуге және оның күрмелі түйінін дұрыс түсінуге мүмкіндік жасайды.

Бұл - тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үніліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туып отыр. Қазақстан тарихы қазіргі заманауи ғылыми тұрғыдан қарағанда түсінікті, нақты болуы тиіс.

Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орны, талай ғасыр бұрын белгілі болған ру-тайпалар атаулары, біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін де айтылып жүргендігін дәлелдейді. Біздің жерімізде өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы туралы сөз болып отырғаны белгілі. Бұл - түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғалары өз үлестерін қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмағандығы айтылып өткен. Оны ұмыту мүмкін емес. Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласында еліміздің жан-жақты бай екендігін тарихи деректермен дәлелдеп түсіндіріп өтті. Түркі мемлекеттері ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырған. Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер

ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған.

Біздің жеріміз - материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы. Сондай-ақ, біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойындағы ортақ сезімін қалыптастыруды айқындайды.

Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

Кейінгі ұрпақтың өз төл тарихын жете меңгеріп, еліміздің алға жылжып, өркендеуіне үлесін қосуы зор болмақ.

Өткен тарихын біліп, оны мақтан етіп, бағалай білу халқымыздың байлығы деп түсінемін.

С.У.ЕРКЕБАЕВА,
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және
қауіпсіздігі кафедрасы



Муниципальные облигации: выгодно местной экономике и населению

Процессы, происходящие в мировом хозяйстве – кризисы, эпидемии, локальные войны, миграция людей говорят о том, что жизнь человека стала хрупкой, несмотря на кажущуюся защищенность за счет развития высоких технологий, появления новых лекарств, чистых продуктов, разнообразия услуг. Возникает вопрос: что может противопоставить человек этому негативу?

Безусловно, правительство любой страны предпринимает усилия по развитию экономики и повышению благосостояния населения. Но есть масса объективных и субъективных причин, из-за которых властям не удается достичь желаемых результатов.

На мой взгляд, в условиях, когда руководство страны предпринимает разные меры, чтобы стабилизировать курс тенге, снизить инфляцию, население, бизнес-структуры и другие организации просто обязаны проявлять не только терпение и понимание, но и активно проявлять инициативу, выдвигать новые идеи и строить планы.

Если говорить о молодом поколении, которое мы учим и воспитываем в нашем Южно-Казахстанском государственном университете им.М.Ауэзова, свою задачу мы понимаем как помощь студентам в проведении научных исследований, разработке бизнес-проектов. В этой связи хочу поделиться результатами исследований по региональной тематике.

Как известно, регионы Казахстана разные по уровню развития экономики и размерам доходов населения. При этом самая большая по численности наша область относится по ряду показателей к недостаточно развитым (вклад в общий валовой продукт и доля инвестиций низкие, заработная плата ниже среднего по стране).

Одной из причин этого, на наш взгляд, является неразвитость финансового рынка региона. Например, население знает, что сбережения можно хранить дома, положить в банк, где не очень выгодный процент или отдать микрофинансовым организациям, к которым мало доверия. Между тем, в развитых странах большинство вложений делается в ценные бумаги, где доходность выше и есть возможность приумножить капитал.

В Казахстане опыт участия в купле-продаже ценных бумаг не имеют практически все население и даже предприятия, бизнес-структуры. Здесь можно назвать несколько причин: отсутствие у большей части населения лишнего денег; финансовая неграмотность людей и прочее. Рядовые предприятия тоже ограничены в капитале, они расходуют деньги в основном на оборотные средства. Исключение составляют крупные компа-

нии Казахстана, чьи акции обращаются на Лондонской фондовой бирже или доступны крупным инвесторам на Казахстанской фондовой бирже.

Поэтому мы предлагаем вовлечь сбережения домохозяйств, бизнес-структур, банков для стимулирования предпринимательства без использования государственных средств через выпуск муниципальных облигаций. Идея их выпуска состоит в том, что выплата дивидендов по ним осуществляется за счет дохода от эксплуатации реализованных проектов. Гарантией выступают налоговые поступления в местный бюджет (в нашем расчете это около 3%).

С помощью рынка муниципальных облигаций за рубежом были осуществлены многие крупные проекты, построены сотни больниц, стадионов, общежитий, и других гражданских объектов. Как показывает опыт развитых стран, домохозяйства являются самым широким и активным сегментом фондового рынка. Неработающие в экономике Казахстана деньги населения сегодня составляют по оценкам специалистов, порядка 20,6 млрд. долл., и эти деньги нужно заставить обращаться, приносить доход, работать на экономику страны.

В этой связи следует сказать о проведенном нами социологическом исследовании в рамках проекта, финансируемом Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. Чтобы выявить возможность использования свободных денежных средств для инвестирования в муниципальные облигации, было организовано анкетирование некоторых групп населения (все были с высшим образованием) и интервьюирование специалистов, экспертов различных организаций нашего региона.

Анализ показал, что хотя значительная часть респондентов не имела достаточных доходов для участия в рынке ценных бумаг, они пытаются делать сбережения и изъявили желание участвовать в купле-продаже облигаций, чтобы приобрести некоторый опыт.

При этом исполнители нашего проекта изучили ресурсные возможности банков, финансовых организаций и бизнес-структур региона на предмет участия в формирова-

нии фондового рынка. Одновременно были проанализированы несколько инновационных проектов, предлагаемых бизнесом, которые сулят выгоду, имеют социальную значимость для региона, однако не могут быть профинансированы из-за отсутствия средств. Были отобраны проекты в сфере переработки сельхозпродукции, внутреннего туризма и развития текстильного кластера с целью финансирования их через муниципальные облигации.

Чтобы продвигать свои идеи, мы поддерживаем связи и консультируемся с Международным финансовым центром «Астана» (МФЦА), Казахстанской фондовой биржей. Созданный на месте ЕХРО-2017 МФЦА представляет собой международный хаб, где расположатся фондовая биржа, отечественные и иностранные банки, страховые и ипотечные компании, бизнес-структуры. Он организован по принципу английского права, сделки, суд, арбитраж и др. осуществляются на английском языке.

Свои предложения по размещению и обращению муниципальных облигаций мы направили в экономические и финансовые учреждения области и города Шымкента. О результатах исследований мы также проинформировали Региональное отделение НПП «Атамекен». Все организации положительно реагируют на нашу инициативу и выражают свою поддержку, и это нас вдохновляет. Целесообразно вовлечь местные органы власти в качестве активных игроков фондового рынка для выпуска низко рискованных муниципальных облигаций с высоким уровнем надежности и сохранности вложенных средств.

Следует отметить, в Казахстане есть некоторый опыт обращения МЦБ, который, к сожалению, не получил дальнейшего продолжения. В 1999г. в Мангыстауской области впервые были выпущены облигации номинальной стоимостью 100 долл. на сумму 399,7 млн. тенге. Акимат области стал первым органом исполнительной власти в Центральной Азии, получившим кредитный рейтинг от рейтингового агентства Fitch. Купонная ставка составляла 10,99%. Позже были выпущены муниципальные ценные

бумаги в Восточно-Казахстанской области, городах Алматы и Астане.

С момента появления первых муниципальных облигаций прошло уже около 20 лет, однако этот рынок так и не получил развития. Приведем краткую статистику. На конец 2018г. к торговле на Казахстанской фондовой бирже были допущены ценные бумаги 383 наименований 151 эмитента. Объем торгов государственными бумагами достиг 165,8 млрд. тенге, из них всего 1,1 млрд. было привлечено под 0,35 % исполнительными органами двух областей. Доля муниципальных облигаций сегодня составляет менее 0,02%. В мировой практике доля их намного выше: в США примерно 1,5 трлн. долл. или 11,5%, во Франции – 6,6%, в Японии – 6%, РФ – 6%.

Сегодня попытки активизировать фондовый рынок в Казахстане предпринимаются через «народное IPO» (первичное размещение ценных бумаг). Но здесь участвуют местные исполнительные органы, которые выпускают облигации под программы «Доступное жилье», «Кредитное жилье» и Национальный управляющий холдинг «Байтерек». Ни население, ни другие структуры участия не принимают.

Как известно, согласно Карте индустриализации, Дорожной карте бизнеса, программе индустриально-инновационного развития создаются ряд отечественных предприятий и надо ожидать, что это приведет к всплеску предпринимательской активности и росту доходов населения. Но не следует полагать, что граждане кинутся вкладывать деньги в ценные бумаги, для этого должна быть соответствующая финансовая грамотность. Надемся, предпринимаемые правительством меры по активизации фондового рынка, стимулированию малого бизнеса, упорядочению банковской деятельности и проч. будут способствовать эффективному использованию денег в экономике.

Кулянда Кулбосыновна НУРАШЕВА,
докт. экон. наук, профессор
ЮКГУ им.М.Ауэзова,
моб. +7 701 725 38 40 / +7 771 143 9 144
E-mail: nurasheva@mail.ru

Ұлттық сусындардың маңызы



Европа елдерінде олардың қоныстары тұрақты болғандықтан, тіршілік көздері де өздерінің маңында орналасты. Көшпелілер үнемі көшіп жүруге мәжбүр болған. Төрт түлік малдың ішінде жылқы мен түйені қазақ халқы кеңінен қолданып, әсіресе, олардан сапалы да емдік өнім алып отырған. Қасиеті бар әр түрлі сусындар дайындаған. Қазіргі заманда оларды Европа халықтары да біліп, өздерінің тіршіліктеріне қолдануда.

Көптеген ауыл шаруашылығы ғалымдарының пікірінше, жылқы мен түйе - төрт түлік малдың төресі. Бұл жарықтықтардың, әсіресе, жылқыны алар болсақ, тіршілікте көшіп-қонуға көлік ретінде қолданылса, сүті - ұлттық сусын, еті - азық, жүні мен терісі киім-кешек бола білді.

Жоғарыдағы айтылғандарға қоса біз мақаланың негізгі мақсатына тоқталғмыз

Біздің арғы ата-бабаларымыз көшпелі халық болғандықтан, қазақтың дәстүрлері мен тіршілік жасауға арнаған қалыптары да Еуропа елімен салыстырғанда басқаша.

келеді. Ұлттық сусындарды (қымыз, кымыран, көже немесе олардың туындылары: құрт, ірімшік т.б) пайдалану мәдениетімен таныстыру және оның салауатты өмірге дұрыс қолдана білу, міне, осыны насихаттау.

Қымыз, шұбат және шалап секілді ұлттық сусындар қазіргі нарықтық экономикада жоғары деңгейдегі сапаға ие болып отыр. Ұлттық сусындар Қазақстанда өндірілетін сусындардың брендіне айналуға және ішкі-сыртқы нарықта үлкен сұранысқа ие.

Жылдан – жылға ұлттық сусындардың көлемі және ассортименттері көбеюде. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да және оның қасындағы колледждерде жастар арасында ұлттық сусындардың пайдасын және қажеттілігін насихаттау алға қойылған мақсаттардың бірі болуы керек. Ұлттық сусындардың денсаулыққа пайдасы, ұлттық мәдени салт-дәстүріндегі маңызы туралы әр уақытта есте сақтауымыз керек.

Ұлттық сусын шұбат (қымыран) негізінен Отырар, Шардара, Түркістан, Созақ аудандарында өндіріледі. Негізгі өндіруші кәсіпорындар - Отырар ауданындағы Н.Үсенов, А.Сыздықбеков, Гүлмайра ша-

руа қожалықтары. Аталған кәсіпорындар тәулігіне 3 тоннаға жуық шұбат өндіреді.

Қымыз негізінен Қазығұрт, Түлкібас, Төле би, Бәйдібек, Сарыағаш, Сайрам аудандарымен қатар Шымкент қаласында өндіріледі.

Көжені жеке кәсіпкерлер дәнді дақылдардан дайындайды.

Ескеретін жағдай, шұбат және қымыз өндіру табиғи жайылымдарға, мал азықтың қорына, малдардың тұқымына, оларды күтіп-бағу технологиясына байланысты ерекшеленеді. Осы шұбатты және қымызды дайындау технологиясына қатысып, зерттеп, ерекшеліктерін салыстырмалы анықтау және сараптама беру біздің отандық ғалымдардың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Біздің университет Оңтүстік өңірдегі жоғары оқу орындарының үздік жетекшісі болғандықтан, ұлттық сусындарды сатып алу, сақтау және оны насихаттау біздің ұжымның қызметкерлерінің міндеті екенін естен шығармаған жөн.

Нұрбол СЕЙДИРОВ, Аграрлық факультетінің әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары

Мейірімді және риясыз әрекет жасаушылар



Еріктілік дегеніміз – адамның өз еркімен ақысыз көмек көрсетуі. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтар немесе жеке де айналысуға болады. Волонтерлік қызметтің аясы өте кең: әлеуметтік, спорттық, шаралық, экологиялық, медициналық және т.б. түрлері бар.

Барлық жас еріктілер егде жастағы адамдарға көмек көрсетеді. Алматыда 2020 жылға арналған еріктілердің ауқымды жоспары бар.

Алдағы жылдың барлық волонтерлік жобалары 7 бағытқа біріктіріледі:

«Сабақтастық» жобасы бойынша волонтерлер балалар үйлерінің балаларына қамқорлық көрсете алады.

«Саулық» бағыты арқылы медициналық еріктілік дамитын болады – науқастарды күтуге көмек көрсету.

«Таза әлем» жобасы – бұл қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптауға үйрету.

«Асыл Мұра» жобасы еріктілерді халқымыздың материалдық, рухани, мәдени-тарихи мұраны сақтауға шақырады.

«Қамқор» жобасы қарттар үйлеріндегі еріктілердің жұмысына бағытталған.

«Білім» - ҰБТ-ға дайындық, ағылшын тілі мен компьютерлік сауаттылыққа оқыту бойынша ауылдық мектептердің жоғары сынып оқушыларына волонтерлік көмек.

«Үміт» жобасы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 75 жылдығына орай отандастарымыздың ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздеуге бағытталатын болады.

Қазақстанда еріктіліктің қарқынды дамып жатқанына қарамастан, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2018 жылғы зерттеулеріне сәйкес, жас азаматтардың 82,6 % еріктілікпен айналыспағандығы анықталған. Әр бесінші жас волонтерлік туралы ешқашан естімеген екен. Әйтсе де,

жастар еріктіліктің тұлғалық қалыптасудағы ролін түсіне бастағаны айқын.

Бұған дәлел – 2017 жылы өткізілген Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі мен Қысқы Универсиада ойындарында 8000-нан астам жастардың қамтылуы. Сонымен қатар, еліміздің әр қаласында қарттар, жетімдер, әлеуметтік осал топ отбасылары, апат құрбандары және өзге де жәрдем қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек көрсететін жастар ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді.

Әлеуметтік еріктілік – Қазақстан жастары арасындағы волонтерліктің өзекті бағытының бірі. Жақында қайғылы Арыс оқиғасынан зардап шеккендерге жас азаматтардың белсенді көмек көрсетуі олардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші болды. Алайда, көптеген жастардың ерікті болуына ұйымдар мен жобалар туралы ақпараттың аздығы кедергі келтіреді. Әлеуметтік волонтер болу үшін «Ұлттық еріктілер желісі», «Мейірімділер клубы», «Мейірімді жүректер қаласы», «28 петель» және т.б. ұйымдармен байланысуға болады. Бұл бағытта адамның жасы, жынысы, білімі немесе қаржылық жағдайы маңызды емес. Ең бастысы – ниет пен қолдан келетін іспен көмектесу.

Қазақстан жастарының арасында кең таралған бағыттың тағы бірі – спорттық еріктілік. Соңғы жылдары елімізде әр түрлі марафондар, триатлондар мен әлемдік чемпионаттар жиі өткізіліп, бұл бағыттың дамуына септігін тигізді. Халықаралық спорттық шараларда ерікті болу үшін

шет тілдерін біліп, ашық, сыпайы болу қажет. Сонымен қатар спорт түрлерінің ерекшеліктерін де білген дұрыс.

Қазақстандықтардың көбінде еріктілік туралы қате пікір қалыптасқан. «Жалаулар желіп отыру» бейнесінің пайда болуына шаралық еріктілік әсер етті. Бұл бағыт та елімізде өте кең таралған. Алайда азаматтардың желіу туралы пікірі, әрине, бұрмаланған. Шындығына келгенде, іс-шараларды ұйымдастыруда, үлкен жобаларды жүзеге асыруда еріктілердің маңызы зор. Мысалы, «ЭКСПО-2017» көрмесінің жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз етуде де еріктілер көп жұмыс атқарды.

Аталмыш бағыттың жастарға қызықты болуы тәжірибе алу мүмкіндіктерімен байланысты. Шараларды өткізуге көмек көрсету үшін әлеуметтік желілердегі «Volunteers», «Жас Ұлан», «Қазақстан жастарының конгресі», «Қазақстан студенттерінің альянсы» және т.б. жастар ұйымдарының хабарландыруларын бақылап отырған абзал.

Аталған бағыттардан басқа елімізде экологиялық, медициналық, төтенше жағдайлар, корпоративті, мәдени, халықаралық, онлайн, IT және т.б. түрлері дамуда. Әр бағыт бойынша Қазақстан еріктілерінің барлығының баасын қосатын «Ұлттық еріктілер желісінен» ақпарат алуға болады.

Ұ.ӘБІЛХАНОВА,
ЭФ-18-5к1 тобының студенті,
А.ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ,
ғылыми жетекшісі, «Қаржы»
кафедрасының магистрі

Ғылыми тағылымдама

Бүгінде Шымкент қаласында жоғары оқу орнынан кейін өзінің білімі мен біліктілігін арттырғысы келетін жастар көп. Олар 4 жылдық білімнен соң магистратураға түсіп, білімдерін жетілдіріп, ғылымға қазірден бет бұрып жатыр. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде ізденушілерге көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Олардың бірі – ғылыми тағылымдама. Әр магистрант өзінің қалауы бойынша кез-келген қаладағы немесе шет мемлекеттердегі университетке барып, білім алмасуына болатын бұл жобаның тәжірибелік мәні зор. Осы орайда, М.Әуезов атындағы ОҚМУ 7М02310 – Филология, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының бірінші курс магистранттары Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен болатын.

Халықаралық қазақ-түрік университетінде ғылыми тағылымдамадан Аблай Әсия, Нағашбек Самал, Ізтай Айсаяп, Рсымбет Баян, Сәулебекқызы Мария, Битұған Ақторғын өтті. Осы аралықта олар филология факультеті, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор м.а Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы мен ф.ғ.к., доцент Қошанова Нағима Данабекқызының жетекшілігінде болды. Магистранттар алғашқы күннен бастап өздерінің қабілеті мен ғылымға деген қызығушылығымен көзге түсті. ХҚТУ кітапханасына барып, кітап қорларымен танысты. Диссертациялық жұмыстарына қатысты қажетті материалдарды таба білді. Жалпы, тағылымдамаға берілген уақыттың көп бөлігі Қ.А.Ясауи кітапханасында өтті. Нәтижесінде студенттер өздеріне керекті материалдарды тауып, ғылыми қоржындарына олжа салды.

Магистранттар университет қабырғасында болып жатқан жобалармен танысып, іс-шараларға белсене ат салысты. Қазіргі таңда ғылымда орын алып жатқан жаңалықтарды бөлісіп, пікірталастар өтті. Бекітілген жетекшілермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, кафедра тынысымен танысты. Тағылымдама барысында магистранттар ғылымға еңбегі сіңген ХҚТУ оқытушыларымен де сұхбат құрып, дәріс тыңдай алды. Ф.ғ.д., профессор Еңсегенұлы Токболат, ф.ғ.к., проф. м.а. Сапарбек Ерғөбек Сәрсенұлы, ф.ғ.д., профессор Ерғөбек Құлбек Сәрсенұлы сынды ғалымдардың дәрістерін тыңдап, диссертациялық жұмыстарына қатысты сұрақтарын қойды. Сондай-ақ, халықаралық қазақ-түрік университетінде шетелден келген студенттермен танысып, пікір алмасып, ғылыми жұмыстары бойынша жұмыс жасады.

Киелі шаһар Түркістан және Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінде студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Ал білім беру жүйесі бойынша екі университет арасында айтарлықтай ерекшелік жоқ. Дегенмен, магистранттар ғылыми тағылымдамадан өтуге дәл осы университетті таңдағандарына дән риза. 10 күнге созылған тағылымдаманың берген тәлімі зор болды. Магистранттар Қ.А.Ясауи кесенесіне, музейге барып, пайдасы мол деректер жинап қайтты.

Мария СӘУЛЕБЕКҚЫЗЫ, Айсаяп ІЗТАЙ,
МФ-19-3нк тобының магистранттары

Ұлы дала ұрпағымыз



Елбасы Н.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынып, оның маңызы жа-йында ерекше тоқталған болатын. Елбасы өз сөзінде: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр», - деді.

Осы Ұлы ұғымды паш ету мақсатында «Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасында топ тәлімгері Г.Ж.Мамытованың жетекшілігімен ХТ-18-6к1 тобында «Біз – Ұлы дала елі ұрпағымыз!» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Аталған іс-шараға кафедра оқытушылары, студенттер, кафедра-рада «Рухани жаңғыру» бағдарламасына жауапты Р.М.Ажикова, «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі деканының орынбасары Ө.Байысбай қатысты.

Тәрбие сағатының мақсаты: жастарды елін сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елінің тарихын білуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйрету, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, махаббат сезімін ояту; жастардың таным белсенділіктерін, қызығушылықтарын дамыту.

Елбасымыздың «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең бас-ты байлығымыз ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бо-йына сіңіре білуге тиіспіз!» деген қанатты сөзіне иек артамыз.

Топ студенттері тәрбие сағатын еліміздің әнұранымен бастап, әрбір жанның көкірегіне мақтаныш ұялататын тәуелсіздіктің әрбір жылында қол жеткізген жеке тарихи деректерге тоқталды. «Мәңгілік ел» – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 20 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін сөзсіз. Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бай-қуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Міне, бүгінде осы күнге де қол жеткіздік. Оған дәлел мына жастар – біздерміз. Осы тұста жастар үшін білімнің маңыздылығы, елдің өсіп-өркендеуіне сауатты ұрпақтың қосар үлесі насихатталды.

Тәрбие сағатының соңында топ студенттері «Мен қазақпын» патриоттық әнін орындады.

Ашық тәрбие сағатын ХИЖБТ жоғары мектебі деканының орынбасары О.Байысбай былай тұжырымдады: «Қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы дала деп, ал ата-бабаларымызды Ұлы даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып жаңа Қазақстан дүниеге келді. Мәңгілік елімізде бейбітшілік пен береке болсын! «Мәңгілік Ел» болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірге жол ашсын!»

Р.М.АЖИКОВА, Г.Ж.МАМЫТОВА,
«Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасы

Индустрии «хлеб» насущный, как вы!

Цемент - это хлеб строительства, основа строительной индустрии любого государства. Уровень производства цемента является показателем развития любой страны, ибо потребление цемента напрямую связано с благосостоянием населения и его доходами. Как известно, цементная промышленность во многом определяет масштабы будущих успехов в развитии регионов и зависит от таких факторов, как потребность, спрос, обеспеченность минерально-сырьевой безопасностью и состояния экономики.

Без цемента немыслимы все виды производства бетонов и строительных работ: заливка фундаментов, бетонирование оснований, связка кирпичей и бетонных блоков при возведении стен, сельскохозяйственного, гидротехнического, дорожного и индивидуального строительства. Фактически сегодня невозможно представить жизнь без использования цемента. Ныне богат ассортимент цемента: цветной, пластифицированный, гидрофобный, быстротвердеющий, высокопрочный, термостойкий, сульфатостойкий, расширяющийся и много других.

В Республике Казахстан производству цемента уделяется большое внимание и оно занимает важное место в промышленном секторе. В результате успешной реализации Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан (ГПИИР) в последние две пятилетки Казахстан, имея 16 современных заводов по всей стране, не только обеспечил себя цементом, но и стал его крупным экспортером.

Сегодня, в праздник «Дня науки», уместно вспомнить что в Республике Казахстан подготовка кадров и целенаправленные научные исследования в области химической технологии вяжущих материалов были начаты в 1943 году в Шымкенте на кафедре «Технологии силикатов» только что созданного Казахского химико-технологического института, ныне Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова. Любопытно, что по сей день эта кафедра - кафедра цемента, керамики и стекла в Республике Казахстан одна единственная, т.е. во всех достижениях страны в цементной отрасли несомненна роль наших выпускников и их наставников.

Среди питомцев кафедры руководители отраслевых министерств - Паримбетов Б.П., Бессмертный И.С., Бекишев К.Х., Кынагов П.Б.; внесшие большой вклад в развитие регионов акимы областей - Турысбеков З.К., Тшанов А.К.; выдающиеся организаторы и руководители предприятий цементной и силикатной индустрии - Герой Социалистического труда Туманов А.Д., Алдияров Д.А., Кожамуратов С.К., Тамбетов С.Г., Жунисов С.Ж., Галинский А.Ф., Кусанов С.К., Поддубный И.М., Ахметов Б.И., Тулеметов К.Т., Ендыбаев Ж.Е., Шалабаев Д.Ш., Федченко Р.С., Букеев Е.А., Барвинов В.М., Возба К.Д., Сопиев Т.С., Гулин С.В., Битемиров М.К. и другие; известные в научном мире профессора - академик Сулейменов С.Т., Балакирев А.А., Лугинина И.Г., Абдувалиев Т.А., Карибаев К.К. и другие.



Весьма показательна динамика бурного роста цементной промышленности в новейшей истории нашей Республики. Первый современный цементный завод сухого способа построила известная французская компания Vicat в 2010 году в пос. Мынарал. Это было результатом поездки и встречи с французскими бизнесменами первого Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева во

Францию в 2007 году. Сейчас этот завод ТОО «JAMBYLCEMENT» выпускает ежегодно более 1,2 млн. т цемента.

В декабре 2010 года наш выпускник, известный бизнесмен, доктор технических наук С.С.Сейтжанов запустил одну линию современного завода с циклонными теплообменниками и декарбонизатором ТОО «Стандарт Цемент» в г.Шымкент мощностью 1 млн. т, а в 2015 году - вторую линию такой же мощности.

В 2013 - 2015 годах состоялась череда пусков современных цементных заводов: ТОО «Казах Цемент» на станции Шар Восточно-Казахстанской обл., ТОО «Каспий Цемент» фирмы HEIDELBERGCEMENT, Хангауский завод на ст. Хангау, ТОО «Кокше Цемент» в пос. Заречный (2 млн. т), завод с шахтной печью по производству цемента в г. Каратау ТОО «Жамбыл Недр». АО «Шымкентцемент» (HEIDELBERGCEMENT) на территории действующего завода запустило в декабре 2015г. линию сухого способа мощностью 1 млн. т.

В 2019 году запущены завод ТОО «Компания Гежуба Шиели Цемент» в пос. Шиели Кызылординской обл. (1 млн. т) и Рудненский цементный завод (0,5 млн. т).

Таким образом, Казахстан с 2019 года по 2020 год сумел построить и запустить 9 современных заводов по сухому способу производства цемента. Важнейшее преимущество современного «сухого» способа производства перед старым «мокрым» способом заключается в том, что при сухом способе удельный расход топлива (угля) почти в 2 раза меньше. Производительность основного агрегата - печи для обжига клинкера в 3 - 4 раза выше. Кроме этого, выбросы CO₂ в атмосферу почти в 2 раза ниже. Завод сухого способа компактнее, металлоемкость и материалоемкость печей в 2-3 раза меньше, соответственно стоимость оборудования и капитальных затрат значительно меньше. На старых цементных заводах мокрого способа устанавливали 4 - 6 печей, 5 - 8 сырьевых и 6 - 9 цементных мельниц. На современном заводе устанавливают 1 - 2 печи, 2 - 3 цементные мельницы или 1 валковую мельницу для тонкого помола сырья или цемента. Если на старом цементном заводе трудилось 1000 - 1500 человек, то на современном заводе лишь 250 - 300 человек.

Современный цементный завод это в сущности завод-автомат, все технологические процессы управляются с центрального пульта управления операторами. Степень автома-

тизации и механизации высокая. Например, на ТОО «Кокше Цемент» в лаборатории установлены и работают роботы, которые никогда не делают ошибок, не устают, не подвержены хорошему или плохому настроению. Они управляют качеством приготовления сырьевой муки для получения клинкера, контролируют качество готовой продукции. Проба сырья, угля, клинкера или цемента

отбирается автоматическим пробоотборником из положенной точки, автоматически доставляется в лабораторию по пневмопроводу. Робот получает пробу сырья, готовит таблетку и подает ее в спектрофотометр, последний выполняет анализ сырья, муки или цемента на заданные 6 - 9 оксидов, выполняется химический анализ, определяется коэффициент насыщения, силикатный и глиноземистый модули, результаты анализов подаются в управляющий компьютер, который задает технологический режим обжига клинкера, помола сырьевой муки, сушки и помола угля, помола цемента в мельницах. Работу таких роботов мы наблюдали в Германии на цементном заводе в период стажировки в Техническом университете Мюнхена в 2017 году.

С немецкими учеными-цементниками у нашей кафедры давние и прочные связи, проложенные в свое время профессором Кенесом Карибаевым. Особенно плодотворно мы сотрудничаем с коллегами из Веймарского института строительных материалов и Мюнхенского технического университета. Это обоюдное участие в международных научных конференциях с докладами, научные стажировки, совместные публикации, обмен учебниками и методическими разработками.

Кстати, буквально на днях, в режиме онлайн коллектив кафедры с успешной ре-аккредитацией нашей специальности в

клинкера, снизить удельный расход топлива на обжиг, повысить производительность печей, снизить загрязнение окружающей среды, увеличить объем выпуска цемента. Качественный клинкер можно получить при температурах 1300 - 1350 °С, т.е. на 100 - 150 °С ниже традиционной. Это позволит уменьшить расход форсуночного угля на 10 - 20 %, повысить производительность печей на 8 - 10 %, увеличить выпуск клинкера и цемента, снизить его себестоимость. Особенно эффективны отходы угледобычи лентгерских шахт. Они содержат в своем составе до 20 - 22 % угля и позволяют резко снизить расход топлива на обжиг клинкера.

Для ТОО «Састобе Технолджис» разработана безкарьерная технология получения клинкера и портландцемента: в качестве карбонатного компонента используются отходы дробления известняка из отвалов завода, в качестве алюмосиликатного компонента фосфорные шлаки, в качестве железистой добавки - свинцовые шлаки.

На основе пыли электрофильтров цементного производства и отходов обогащения полиметаллических руд получен цемент, который может быть использован для биологической защиты объектов от гамма и рентгеновского излучений.

Для ТОО «Стандарт Цемент» разработана и испытана малоэнергоемкая технология получения тампонажного портландцемента



агентстве ASIIN поздравила ректор Университета академик Д.П.Кожамжарова. Как известно, ASIIN - международное аккредитационное агентство для специальностей в г.Дюссельдорф (Германия). Документы об образовании выпускников нашей кафедры признаются за рубежом, не требуют нострификации.

Научная деятельность кафедры в области вяжущих материалов в основном ориентирована на совершенствование технологии производства цемента, снижение вредных выбросов, снижение расхода топлива и электроэнергии, на более широкую утилизацию многотоннажных промышленных отходов в качестве сырья, топлива, активных минеральных добавок при помоле цемента, при разработке смешанных вяжущих веществ, шлакощелочных вяжущих и др.

Технология получения высокопрочного гипсового вяжущего из фосфогипса - отходов суперфосфатного завода, способ отбеливания белого цемента водными растворами поверхностно-активных веществ и кремнийорганических жидкостей, разработка высокоэффективных составов комплексных разжижающе-минерализующих добавок для сырьевых цементных шламов, разработка энергосберегающей технологии белого цемента с использованием фосфорного шлака успешно осуществлены в свое время учеными кафедры.

Велика роль ученых в решении одной из серьезнейших проблем промышленного Юга. В этом плане изучены и предложены к использованию такие технологические продукты как свинцовые, фосфорные шлаки, отходы угледобычи лентгерских шахт, отходы дробления известняка састюбинского месторождения, золошлаки ТЭС, отходы обогащения полиметаллических руд и др. Эти отходы находятся в непосредственной близости от заводов.

Утилизация позволит решить сразу несколько проблем: улучшить процесс обжига

с использованием электротермофосфорных шлаков. При введении шлаков в сырьевую муку улучшается процесс обжига клинкера, снижается расход топлива, качественные показатели специального цемента не ухудшаются.

На кафедре разработаны весьма эффективные способы отбеливания клинкера белого портландцемента, позволяющие повысить главный качественный показатель белого цемента - белизну, на 6 - 8 %. По нашим разработкам можно получить гидрофобный белый клинкер повышенной белизны, лучше размалывающийся, удельный расход электроэнергии на помол цемента понижается на 20 - 30 %.

Учеными проведены исследования по оценке пригодности сырьевых материалов месторождений Актюбинской области для производства цемента, изучены активные минеральные добавки - диатомиты утесайского месторождения и установлена возможность получения на их основе качественного портландцемента и пуццоланового цемента.

Сегодня учеными изучены и установлены структура и дефектность клинкерных минералов, их способность к трибоактивации. Разрабатывается механохимическая обработка зерен цемента как новое направление в радикальном повышении строительно-технических свойств цементов и бетонов.

Научные идеи и инновационные предложения ученых, как правило, быстро находят применение в деле, благодаря повседневному творческому контакту с заводчанами.

Приятно осознавать, что в успешном решении государственных задач по дальнейшему развитию цементной индустрии региона и страны есть и частичка труда выпускников родного университета и их наставников.

Б.О. ЕСИМОВ,
профессор, зав. кафедрой,
лауреат Государственной премии РК.
Б.Т. ТАЙМАСОВ, профессор

Қазақ халқының ұлттық санасын оятқан ақын

*Жүрегінің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.*

Абай болашақ ұрпаққа сөзін жұмбақ адам ретінде арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле әпәретін жолды өз халқына талмастан көрсетті. Иә, өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болды. Ал ол біз үшін жұмбақ па?

Біз Абайды қазіргі уақытта жұмбақ ретінде емес, қазақ әдебиетінің шамшырағы ретінде қабылдау керекпіз. Біз үшін Абай өткен күннің ақыны ғана емес, халықтың алға қарай қажырлы ұмтылуында ақын ерекше орын алады. Ал мұндай ақын өлмек емес, өйткені оның шығармаларына уақыт шек қоя алмайды. Қазақ халқы бір кезде адамның өмірін мүшелмен санаған. Ал поэзияның аңыз болған қайнары Әбілхаяттан мәңгі суын татқан жыршы үшін мүшел ғасырлармен өлшенеді. Өзінің еңбегін жете бағаламаған және аз түсінген замандастарын артқа тастап, Абай дәл бүгінгідей, біздің қасымызда тұрғандай. Халқының күресі мен азабын, тағдырын өз үлесіне алған ақынның есімін біздің халқымыз аса қастерлейді.

Ақын тек адамгершілік бейнені, ізгілікті ғана емес, табиғатты, болмысты, өмір шындығын, ақыл-парасатты, адамның мүмкіндіктерін, барлық тіршілікке қатыстыны ұштастырып бейнелеген. Атамыздың табиғатты керемет бейнелеген лирикалары да бар.



Абай атамыз аудармашылықпен де айналысып, халқымызға шет елдердің көп шығармаларын ұсынған ақын. Халқы үшін жасаған ісі зор. Сол аударылған шығармаларды қазіргі уақытта да қолданып келеміз.

Құнанбай атамыз баласы Абайды жайдақ сумен теңеген. Оның себебі Абайдың қарапайымдылығы еді. Ол қатарластарының арасында сауатты, ауқатты болса да, қарапайым халыққа құлмет етуді мақсат еткен жан болатын. Бұл өте сирек кездесетін қасиет деп білемін.

Абай Құнанбаев есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркендетілігіне ұмтылысы және әлеуметтік әділдіктің символы.

Ғасырлар бойы қалыптасқан экономикалық жағдай, тұрмыс-салты үлкен өзгеріске түсіп жатқан аумалы-төкпелі заманда қоғам көшінің ендігі бағытын айқындау, қалай да елдің елдігін, тұтастығын, халықтың ұлттық рухының тазалығын сақтай отырып, жана жағдайға бейімделу дәуірдің, әлеуметтік

өмірдің өзі туғызған тарихи қажеттілік болды.

Осы қажеттілік бүкіл қоғамдық ой-санаға, әдебиет пен өнерге жаңа серпін берді. Нағыз халықтық, реалистік принциптерге негізделген жаңа жазба қазақ әдебиеті, Абай шығармалары осы қоғамдық сұранысқа толық жауап берді.

Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз.

Мен ақынның өмірі, шығармашылығымен таныса отырып, өз ойыма, санама талай сауал келді. Сол кездегі қиын заманның өзінде Абай атамыз білім алып, жарыққа ұмтылып, сол игілігін халқына беруге талпынған. Біздің бүгінгі таңда бар мүмкіндіктеріміз жасалған. «Сол мүмкіндіктерді пайдаланып, неге биік мақсаттарға ұмтылмасқа?» деген сауал еріксіз санама ұялайды. Абай атамыз ақылды жүрекке бағындыр деп бекерге айтпаса керек деп ойлаймын.

Ұлы атамыздың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында өтетін іс-шараларға белсене қатысып, сый-құрметімізді білдіріп жатырмыз. Ұлылығын мақтан етеміз. Абай сияқты аталары бар мына бізге, өскелең ұрпаққа, артылған жауапкершілік үлкен. Сол жауапкершілігімізді адамгершілікпен орындап, асыл мұрамызды құрметтей отыра болашаққа қадам бассақ, жетер шыңымыз асқақ болмақ деген ойдамын.

**Мадина ӘБДРАЗХОВА,
ЭФ-18-5к1 тобының студенті,
А.Ж.ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ,
ғылыми жетекшісі, қаржы
кафедрасының магистрі**



Әлем таныған ұлы данышпан

Биыл ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналған шаралар басталды. Дана ойшылдың мерейтойын ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жоспарланып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай — қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» — деп Абайды аса жоғары бағалады. 1909 жылы Санкт-Петербуркте басылған Абай өлеңдерінің жинағына ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, «Ескендір» мен «Масғұт» поэмалары енді. Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Кәкітай Ысқақұлы бірінші болып ақынның өмірбаянын жазды. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмады. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен.

Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазды.

Ал Мұхтар Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді. Ол «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүние жүзі оқырмандарына танымал әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек атқарды. Әсіресе, Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы осы салаға қосқан елеулі үлесі болып саналады.

Семейдегі екі мұнаралы орталық мешіт сәулет өнерінің ескерткіші болып саналады. Ғимараттың негізі 1862 жылы Сүлейменов,

Әбдешов, Рафиков және Халитов есімді жергілікті көпестердің бастамасы бойынша ағаштан қаланыпты. Мінәжат ету орнында өрт болған. Ал 1897 жылы көпес Василий Халитов жергілікті мұсылмандардың өтініші бойынша оны қалыпқа келтірген. Мұндай деректі Санкт-Петербург архивінен кездестіруге болады. Ондағы хаттарда Семей қаласының тұрғындары өртеніп кеткен мешіттің орнына жаңасын салғаны туралы жазылған. Жаңа мешіт кірпіштен тұрғызылыпты. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы осында келіп, мінәжат еткен. Алайда кеңес үкіметі кезінде Алла үйі жұмыс істемеген. Соғыс жылдары мінәжат ету орны қойма ретінде пайдаланылған. Тек 1995 жылы Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай мешіт қайта жөнделіп, жамағатқа есігін айқара ашты. Сондай-ақ, мұнда 14 ерекше терезе бар. Үлкен терезелер күн жарығының ғимаратқа толық кіріп, жылытуына мүмкіндік береді. Онда екі ғибадат бөлмесі (ерлер мен әйелдерге арналған) мен имамдар отыратын орын бар. 1999 жылы мешітке XVII ғасырда өмір сүрген қазақтың беделді биі Әнет баба Кішіқұлы есімі берілді. Ол — Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңын құрастыруға үлес қосқан атақты жеті бидің бірі. Мешіт Семей қаласының Абай көшесіндегі 50-ші үйде орналасқан.

Абайды шетелде танытқандардың саны да шексіз. Онымен мен мақтанамын. Біздің әдет-ғұрпымызды Абай атамызды зерттеу арқылы дүние жүзі білді. Менмін деген Қытайда Абайдың шығармаларын танытуға Ха Хуан Жан (Хабай) көп еңбек етті. Абайды бала күнінен жаттап өскен екен. 1950 жылы Абайдың «Ескендір» поэмасын, ал 1958 жылы «Масғұт» поэмасын ханзу тіліне аударып, Пекинде арнайы кітап етіп бастырып шығарған. Жалпы, Хабай Абайдың 167

өлеңін, 3 поэмасын, 45 ғақлия сөзін түгел аударған. «Абай және Абай шығармалары» деген үш кітабын да Пекинде бастырған. Мұның өзі үлкен жетістік.

Сонымен қатар Абайдың өлеңдері басқа тілдерге аударылды. Мәселен, грузин тілінде - Ш.Медлишвили, қарақалпақ тілінде - Ш.Сеитова, қырғыз тілінде - А.Токombaева, татар тілінде - М.Мақсуд және Н.Арсланов, француз тілінде - Ғалымжан Мұқанов, ағылшын тілінде - А.Самохмалов, түрікмен тілінде - А.Хайидова, Т.Қасымова, П.Искакова және М.Хамраева Абайды ұйғыр тілінде сөйлеткен.

Тәуелсіздігімізді алғаннан соң 1995 жылды ЮНЕСКО өз ұйғарымымен Абай жылы деп атады. Бұл тәуелсіздігімізді енді алған біздің елге, халқымызға үлкен абырой болды. Есімі адамзат жүрегінде мәңгілік сақталар ұлы тұлғалар Гете, Байрон, Науан, Пушкиндермен қатар аталар ұлы бабамыздың мерейтойын бүкіл дүние жүзі халықтары бізбен бірге тойлап жатса, еңсесін енді ғана көтерген ел үшін бұл шынында зор мерей емес пе?!

Ұлы данышпанымыздың 175 жылдық мерейтойында, мемлекет басшысы мақаласында айтқандай, Абай хакім бүгінгі біздің де шын мәнінде өлмес, өшпес тұрғыласымыз екені анық. Бізге керекті енді сол — «тұрақты нұрды» тұрғылас ретінде тану ғана.

**А.КАМАЛОВА,
ИП-18-6к1 тобының студенті,
Ж.У.НЫШАНБАЕВА,
ИП-18-6к1 тобының тәлімгері,
Ақпараттық технологиялар және
Энергетика жоғары мектебінің
Оқу және оқу-әдістемелік жұмысы
жөніндегі декан орынбасары**

Будущее настало. Действуй!

Сегодня в современном мире молодежь проявляет особый интерес к собственному будущему. Молодое поколение верит в свои возможности, четко знает, какие знания и умения могут стать ему полезными в будущем. Нынешняя молодежь хочет развиваться, открывать для себя новые горизонты и преодолевать трудности не смотря не на что. В этой связи в рамках государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020» в Высшей школе «Текстильная и пищевая инженерия» с 11.02.2020г. по 14.02.2020г. проведен семинар-тренинг «Импульс».

Началом программы стал четырехдневный семинар, где участники изучили основы запуска стартапа, в частности рассмотрены темы: «Маркетинговый анализ идеи стартапа. Оценка рынков, конкурентов, характеристик потенциальных клиентов. Оценка перспективности» и т.д. Затем молодые стартаперы перейдут к практической реализации своего проекта – составят «дорожную карту» развития проекта, создадут прототип. Направлять и консультировать проекты будут тренеры (опытные наставники, отслеживающие разви-

тие команды и консультирующие по вопросам достижения поставленных целей).

На каждом этапе Программы был организован адресные мастер-классы по вопросам маркетинга, налогообложения, юридическим аспектам ведения бизнеса. 20.02.2020г.-21.02.2020г. проведен конкурс «Лучший стартап».

Основной целью конкурса являлось стимулирование участников к разработке новых бизнес-идей, продуктов или услуг с акцентом на текущие или будущие тенденции. Посту-



пило 21 заявка от студентов которые прошли семинар-тренинг «Импульс».

Проведение оценки поступивших стартапов осуществляла конкурсная комиссия. Основными критериями оценки стали уникальность идеи, актуальность, социальная значимость и возможность реализации стартапа.

В результате: I место получил Проект «GlaSSweet», студенты Юлдашева Наргиза группа ЖТ-18-3р, и Жумагали Дарын группа ЖТ-17-4к3.

II место получил Проект «Funduk», студенты Гайсина Алина, Курбанкулова Шахноза группа ЖТ-17-1р.

III место получил Проект «NM Brand», студентка Абдухалык Мадина группа ЖТ-19-3к.

Г.Е.КАЛЫМБЕТОВ, начальник студенческого бизнес-инкубатора
Г.С.КЕНЖИБАЕВА, и.о. Декана высшей школы «Текстильной и пищевой инженерии» к.т.н., доцент профессор

Фонд Первого Президента - Елбасы награждает добрых, благородных, отважных

В числе удостоившихся награды оказался и творческий коллектив Научно-исследовательского управления Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова АЛҒЫС ХАТ «За освещение в СМИ социально-значимых проектов» получили от директора фонда Дарига Назарбаевой - Назарбек Улжалгас доктор PhD в 2019 году являвшейся директором НИУ, Торгаутова Шолпан магистр истории, главный специалист НИУ, ныне с 2020 года главный менеджер проектного офиса «Рухани Жаңғыру», Исмаилова Молдир магистр экономики, главный специалист отдела «Гуманитарно-педагогические науки» НИУ, Серкебаев Мурат кандидат технических наук, доцент, начальник отдела «Технические науки» НИУ.

Проект был подан в сентябре 2019 года и результаты объявлены 21 февраля 2020 года. Награждение в ЮКГУ им.М.Ауэзова планировалось провести Шымкентским филиалом Ассоциацией деловых женщин Казахстана Э.Р. Сосакбаевой на празднование Наурыза. «Наши личные успехи, как и достижения целого государства – это не только результат нашего труда, но и устремлений, направленных на сохранение духовных ценностей общества. Милосердие, доброта, сострадание – эти понятные каждому ценности всегда были присущи нашему народу. Испокон веков они служили основой единства и согласия» отметила Дарига Нурсултановна.

В Центральном концертном зале «Qazaqstan» г.Нур-Султан наградили ярких казахстанцев, совершающих благородные поступки – героев страны. Здесь состоялось чествование участников проекта «Караван доброты» Фонда Первого Президента РК – Елбасы и Ассоциации деловых женщин Казахстана.

Проект был нацелен на популяризацию идей благотворительности, развитие активной гражданской инициативы. Потенциальных участников проекта - благородных, отважных и сильных духом людей искали по всему Казахстану. С ав-



густа прошлого года во всех регионах страны проводилась работа по выявлению и отбору таких людей.

Участники конкурса, который проводится 2-й год подряд, это люди, которые безвозмездно вносят свой вклад в решение социальных, общественных проблем, а также те, кто занимается благотворительной деятельностью и помогает нуждающимся по зову своего сердца.

Потенциальных участников проекта - благородных, отважных и

сильных духом людей искали по всему Казахстану. С августа прошлого года во всех регионах страны проводилась работа по выявлению и отбору таких людей.

Участники конкурса, который проводится второй год подряд, это люди, которые безвозмездно вносят свой вклад в решение социальных, общественных проблем, а также те, кто занимается благотворительной деятельностью и помогает нуждающимся по зову своего сердца.

Отмечая значимость конкурса Председатель Сената Парламента Республики Казахстан, директор Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Дарига Назарбаева отметила: «Наша страна всегда была богата людьми, которые творят добро по велению сердца и совести.

Участники нашего конкурса – люди особенные. Их бескорыстная помощь тем, кто оказался в беде, восхищает. Нам приятно, что из года в год число участников кон-

курса растет. Если во время проведения первого конкурса принимало участие 97 конкурсантов, то сегодня их количество составляет 231 человек.

Благодарю всех вас за неравнодушие, доброту, отзывчивость, широту души. Каждый из вас – пример для нас, и, особенно, для подрастающего поколения!». Из ленты новостей Фонда Первого Президента - Елбасы Республики Казахстан.

В эти дни когда Наш Казахстан переживает всемирную пандемию на ... грипп. Хочется дать веру и надежду на то что все трудности останутся позади, а Мы трудолюбивые граждане нашей Родины руководители ЮКГУ им.М.Ауэзова сотрудники, профессорско-преподавательский состав, молодые ученые, координаторы воспитательной работы, проектный офис «Рухани жаңғыру», будем стараться на развитие социально-значимых проектов - в образовании, науке, культуре, а главное воспитание человечности в человеке и обществе.

У.Б.НАЗАРБЕК, доктор PhD,
Ш.А.ТОРГАУТОВА,
главный менеджер проектного офиса «Рухани жаңғыру» ЮКГУ им.М.Ауэзова

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Газета Южно-Казахстанского
государственного университета
имени М. Ауэзова

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
451-Г куәлігі берілген
Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.

Газета зарегистрирована в
Министерстве информации РК
(свидетельство № 451-Г)
г. Астана, 10 ноября 1998 г.

Редакционная коллегия:

Қожамжарова Дария Пернешқызы -
М.Әуезов атындағы ОКМУ ректоры.
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.
Нұрмамбетов Қайрат Әнбекшиевич -
Бірінші проректор
Бейсенбаев Садьбек Қалмаханұлы -
Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі
проректор

Тілші: Мадина Сералиева
Көркемдеуші: Наилә Заббарова
Оператор: Танзила Ашимова
Фото: М.У. Хусайнов

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған.
Шымкент қ., тел.: 21 36 67,
А. Байтұрсынұв көш., 18.
Редакция мекенжайы:
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
тел.: 8 (7252) 30 08 40, gazet98@mail.ru
Тапсырыс
Таралымы 1500 экз.